



Адам

ҚОҒАМНАН



ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84(5Қаз)-5

А 39

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің
Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитетінің
тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен
қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

А 39 АЛАШ ҚОЗГАЛЫСЫ *(Алаш қозғалысына, партиясына, Алашорда үкіметіне арналған өлеңдер, әдеби шығармалар).* Құрастырған, алғы сөзін және түсініктерін жазған Е.Е.Тіленов, С.Б.Жұмағұлов. – **Алматы: ЖК «InterBesCompany» 2017. – 88 бет.**

ISBN 978-601-80579-3-9

Кітапта 1917 жылы Бірінші **жалпықазақ**, Екінші жалпықазақ съездерінде жарияланған «Алаш» партиясы, Алашорда **үкіметіне** арналған отаншылдық рухтағы өлеңдер топтастырылған. Ұлт азаттығы **мен саяси теңдігін, жер тұтастығы** және рухани кемелділігін арқау еткен **шығармалар елдік және мемлекетшілдік қасиеттерге** қуатты күш дарытудағы **жасампаздық қасиетімен құнды.**

Еңбек Алаш қайраткерлерін қастерлейтін оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84(5Қаз)-5

ISBN 978-601-80579-3-9

© Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2017

© Ш.Шияхметов ағылдағы тілдерді дамыту пән республикалық үйлестіру және тесілеу орталығы, 2017

© ЖК «InterBesCompany» 2017

АЗАТТЫҚ РУХТЫҢ АЛДАСПАНЫ

*Жеріне, елдігіне әм дініне,
Құрылған талай тұзақ, талай қақпа
...Сондай-сондай дәуірді кешіргенін,
Қазаққа әдебиеті берді ашып.
Сұлтанмахмұт Торайғырұ.*

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен Екінші жалп қазақ сиезі барысында Алашорда үкіметі, Алаш автономиясын жариялануы ұлт тарихындағы ерекше маңызға ие ұлы күн ретінде әдебиетімізде мәңгілікке қатталып қалды. Отаршыл империя қысымындағы қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі «Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің жаңару мен жаңғыру бағытындағы саяси-қоғамдық қызметін жалпы әлеуметке жеткізуде, ел мұраттағы ұлы мақсатта ұйысуды қазақ санасына сіңіруде қала қайраткерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелді.

Құрылтай алдындағы жалпы қазақ қоғамының көңіл ауаны, едік намысты қайрайтын байрақты істегі әлеумет жауапкершілігі Нарманбет Орманбетұлының «Құрылтайға барғанда» өлеңіне арқа болды. Ақын құрылтай сынды ұлттық маңызы ерен істі жұмыс атқарудағы елшіл азаматтардың берен ісіне үн қатып, тарихи сынағатта отаршыл билік жүйесінің қанып-сезер тұзағынан сүрілбе отудегі саяси сарабдалдықты басты орынға қойды.

*Құрылтайға бара алмай, құр қалмайық,
Ғаламнан ұрпағымыз болар мазақ,
Қамданып бұл жұмысты өткізейік,
Қатарға халқымызды жеткізейік.
Тұмарға тұмар тағып, бәйге қосып,
Алаштан қарақшыдан өткізейік [1, 109].*

Екінші жалпықазақ сиезі күндерінің ізін баса туған өлеңдерде бағана неі қазақты азаттық пен теңдік жолында ұйыстырар кемел жұмыс еріккеннің ерігі, желіккеннің желігі еместігіне ерекше екінін жасады. Тарих толқынындағы ұлттың тұрлаулы тағдырына бейқамды танытудағы нағандыққа күйінген Сәбит Дөңентайұлы «Қаулы өлеңінде құрылтайда бас қосқан тұтас қауымның өрені мақсаты жеткізді.



*Ұят та басқалардан қалғанымыз,
Далаға кетпес бұған салғанымыз.
Бай малын, батыр күшін аямасын,
Ендігі осы болсын арманымыз.*

**Жеке бастың қамын күйттеген қаймаша жұрттың қоғамдық бей-
камдығын уытты тілімен түйреді.**

*Сонымен жұрт тарайды асын ішін,
Таң атса таз қалыпқа қалған түсіп.
Қаулыны күнде-күнде жасайтұғын,
Ет бар ма қазан-қазан тұрған пісіп.*

Қазақтың елдік асыл қасиеттерін, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілік-
ті арқау еткен өлеңдердің ортақ арнасын мәңгілігіміздің мәңгілік
мәселесі Алаш идеясы құрады. Нұржан Наушабайұлының (1858-1919)
«Алашордаға», Ақыт қажы Үліміжұлының (1866(7)-1940) «Жығыла
ма осымен Алаштың тіккен ордасы?», Дия қажы Ахметұлының
(1871(1873)-1931) «Қайран, Алаш», Ғұмар Қараштың (1875-1921)
«Алашқа», «Алаштың азаматтарына», Жүсіпбек Аймауытұлының
(1889-1931) «Әскер марсельезасы», Сұлтанмахмұт Торайғырұлының
(1893-1920) «Алаш ұраны», Сәбит Дөнентайұлының (1893-1933)
«Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», Бейімбет Майлиннің
(1894-1938) «Бұл түрді күн бар екен көретін», Ахмет Мәметұлының
(Ахмедғали Мамытұлы) (1895-1938) «Алашқа сәлем», «Ұран», «Жас
азамат» газетінің 1918 жылғы 26 желтоқсан күнгі №17 санында «М.Н.»
деген бүркеншік атпен жарияланған автордың «Он үшінші декабрь
күніне арнаймын» өлеңдерінде азаттық идеялары мен ұлттық бірлік
насихатталып, **қазақтың саяси теңдігі, рухани кемелділігі, азамат
ердің баласы сыналар тарихи кезеңдегі атқарылар келелі міндеттері
өзек етіп алынды.**

**«Алаш» партиясының, Алашорданың құрылуына қуанған, қуаттаған
бұл әдеби шығармалар асқақ пафосқа, ұлтшыл идеяға негізделді. Бұл
шығармалар сол дәуірдің ұраны іспетті болып, халықтың еңсесін
көтеруге, елдің ертеңіне сенімін арттыруға зор үлес қосты [2, 133].**

Еліміз бен жерімізді қорғаудағы шынайы азаматтың басты ұс-
танымы отаншылдық қасиеттер болып табылатынын жұрт санасына
еңгізіп, ұлт намысын кайрады. Нұржан Наушабайұлы:

*Бірлік қылсаң, Алашым,
Елгері қарай басасың.
Қол ұстасып ұмтылсаң,
Қатар жүрттан асасың.
Атағын мәңгі қалдырып,*

Жасасын, Алаш, жасасын! [3, 430] деп Алаштың мәңгілік жа
сампаздығын **жырлады**.

Бейімбет Майлин:

*Құтты болсын, Алаш, ұлы тілегің!
Көп жыл жүріп қолға түскен кеңдігің.
Атқа мініп, ұраныңды шақырып,
Бірлік үшін басты қосқан елдігің...
Алалықты арадағы жойдырып,
Замаң келді бірге тұрып, бір жүрер,
Алаш туын желпілдетіп қолға алып,
Мынау жау деп қаймықпай еш қорғанып.
Үрім-бұтақ, нәсіл-нәсіл бәріне,
Кетіңдерші бітпейтін бір жол салып,
Жұртты сүйер ерлер шығып қол басы,
Саф азамат бағылан болып жолдасы,
Жарық сәуле ендіретін қазаққа.*

Мәңгі жылдар жасасын Алаш ордасы! [3, 430] деген қуатты өле
желдерімен қазақты жарық жолға бастаған ерлердің ерен істерін
шексіз сүйіспеншілігін білдірді.

Ахмет Мәметұлы (Ахмедғали Мамытұлы) «Алашқа сәлем» өле
жінде кешегі болаңдық бұғауындағы бейуақ кезеңдердегі кемдіктер
жасқаншақтық пен қорқыныштан **арылып, азаттықтың шуақты** нұ
рымен **енсені тіктеуге, ұлттық «менді» асқақ ұстауға** үндеді.

*...Жасқанып болмағайсың алаң, Алаш,
Келгенше ұмтыла бер шамаң, Алаш.
Осы кез біле-білсең өзіңде ерік,
Кеудеде болса азырақ санаң, Алаш.
Тайсалма анау патша, мынау төре,
Жүре бер жолбарысына артынан ере,*

*Отанның бір баласы «менмін» десең,
Далада тастай алмас көзі көре [3, 368].*

Гұмар Қараш «Алашқа», «Алаш азаматтарына» өлеңдерінде **халықты** әлеуметтік белсенділік пен сергектікке, береке-бірлікке шақырды [4, 146].

*Ау, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің!
Қарманып ілгері аяқ басар күнің!
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Адымдап асқар белден асар күнің.
Теңізім, телегейім – қайран елім,
Кемерлеп толқын атып, тасар күнің!
Ақ күміс, қызыл алтын жисғаныңды,
Құрбан қып осы жолға шашар күнің!
Терезең теңгеріліп қатар тұрса,
Осы! – деп сонда жүрек басар күнің («Алашқа»).*

***Ақ жүрек** азаматтар асқар күнің
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнің;
Дұрыстық ел қосында еткен істі,
Қол соғып, қошеметтеп қостар күнің
Күш қосып, қол ұстасып сөз бекітіп,
Арадан адалықты тастар күнің;
Адасқан қойдай шулап ерген елді,
Бұлтармай оң бағытқа бастар күнің.
Аңқылдақ Алаш ұлы сеніп отыр.*

Орнынан шығып, соны растар күнің! («Алаш азаматтарына»).

От жүректі жалынды ақын Сұлтанмахмұт Алаш арыстарының азаттық жолындағы ерен істерін арқау етіп «Алаш ұраны» өлеңін жазды.

***Алаш** туы астында,
Біз - Алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы
Құрт аурудай жайлаған
Құртпаққа бізді ойлаған
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,*

***Жасасын** Алаш, жасасын!
Қуә болсын арымыз.
Көркейтүге Алашты,
Құрбандық біздің жанымыз!
Былай тұрсын малымыз,
Алаш деген **ел үшін**
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,*

*Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Ошті залым қарасы.*

*Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!
Алаш туы астында,
Жасасын Алаш, жасасын!*

[5, 122-123] деп толғаған Сұлтанмахмұт елімізді көркейтуге, туға халқымызға жан-тәнімізбен адал қызмет етуге, ұлттық бірлікке үндеп Жүсіпбек Аймауытұлы «Гаскер өлеңі», «Ұран» өлеңдеріне етүріктің ұрпағы өршіл рухты қазақтың елдік мақсаты жолындағтар жол, тайғақ кешуінде бабалар аруағына сыйынып, Алашты амандығын, ұлттың жасампаздығын арқау етті.

*Алаштың аруағы
Жебесін, қолдасын!
Ақсақал тілей көр,
Сапарды оңдасын!*

*Жасаған жар болып,
Қазақтың еліне,
Жасасын, сақтасын,
Алаштың ордасын!*

Сәбит Дөнентайұлы Алаштың азаттық туы асқақтаған тарихи күдері «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Алаштың алғашқы құрбанына» атты өршіл рухтағы ұлттық сезімге толы өлеңдері жазды.

Ақын қасиетті де киелі Отан анамызға деген перзенттік сүйік пеншілігін, имани махаббатын жеткізеді.

*Жүрмісің сау-саламат, қайран анам!
Көрсетті құдай көзге қайдан анам!
Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді,
Жасаған жылдан есен, айдан аман!
Жүз құлдық, мың шүкірлік жеткізді Алла,
Болам деп мұндай, сірә, ойда бар ма?
Аймалат көкірегіңді, қыс мойнымнан,
Арман жоқ шықса жаңым бүгін таңда [6, 84].*

Отаршылдық тепкісінде жаншылып, тарихтың ауыр тезінен өткерда слінің азаттық күніне жеткен сәттегі қуаныш күйін тебіреніспе жырлап, ұлттың мәңгілік жасампаздығына мемлекетшілдік сан биігінде келеді.

*Кезінде бойың сыйлы, басың құтты,
Осірдің тәрбиелен талай ұлды.*

Бақытсыз балаларың туганнан соң,

Дұшпандар қастық қылды, үзді, жүрді... деп етілген ақын алмағайып кезеңде елдікке төнген қауіп-қағерден сиктандырып, қиыны дәуірлерде ұлтқа тұтқа болған тарихи тұлғалардың тиылымды өмірін қандастарына үлгі-өнеге етеді. Елге айбын, дүнишине айбар болған қыр перзенттерінің Алаш елінің еркіндігі мен жерінің тұтастығы үшін жанын қиған рух ерлігін мақтаныш сезіммен айшықтайды.

Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың,

Ер болған Кенесары, Наурызбайың.

Сықылды Төле, Едіге биің өтті,

Көп қозғап ескі дертті не қылайың.

Тугыздың нелер сұлтан, арыстанды,

Өткіздің талай бағылан, серке санды.

Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта,

Кім саған көз алартты, беттей алды [6, 84].

Тарих тағылымын көркемдік танымда жаңғыртқан ақын кешегі бірлігі мығым, елдігі асқақ Алаштың бүгінгі мүшкіл халіне қайғырады. Жатқа тізгін берген елдің ауыр жағдайына күйінеді, атаға жетпей туған жетесіздің ардан безген тексіздігін шенейді.

Таусылып о күндегі оңды балаң,

Арами, азғын туды соңғы балаң.

Өз-өзін мас батырдай байлап беріп,

Жат елге қоңсы болып қонды балаң.

Ақын қасиетті де киелі Отан анамызға тағзым етіп, барша Алаш баласының ұлттық сана биігінде болуы үшін ана алдындағы перзенттік парызы мен қарызын жете ұғынуына, ақтық демі таусылғанша ата-бабалар аманатына адал болуына ой салады.

Кез келдің мына күнге анамыз-қарт,

Басалқы айт, түзу жөнге балаңды тарт!

Шағыңда жасың жеткен күте алмаса,

Кінәң жоқ, обалыңды алашқа арт!

Азаттықтың ақ жолын ұстанған өр халқын елдік заңғарындағы мақсат-мұрагына еш адастырмай жеткізетін Алаш қайраткерлерінің қажыр-қайратқа толы кемел істеріне кәміл сеніммен қарап, «Адаспашы» өлеңімен қуағтайды.

Барша қандастарын Алаш баласын еркіндіктің жарық жолы бастаған ақ жүрек ерлердің тарихи қызметін қолдауға шақырып, жұмысын жұмыла атқарудағы намыстарын қайрады.

*Біз бәйгеге ат қосамыз «Алаш» деп,
Аянбай шап, «егей түс» пен «талас» деп.
Барды аптап, тілеп тұрмыс құдайдан,
Ия, жасаған, аруақ көтер, бақ аш деп!
Кежімдедік талай тарлан шұбарды,
Сүзіп құйрық, тағып үкі, тұмарды.
Әулекі жоқ қосып күлкі боларлық,
Ақыншылды «айт» дегенге құмарды.
Бар шолпаның «Алаш» қазақ ортаңда!
Бар шығарың қайнатқанда сорпаға.
Махамбет те кісі боп па дегендей,
Түк көрмейтін соқыр ма едің соншама [7, 305].*

«Ұлттық идея – талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш, қайғысым сараланған дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық, өзін, тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымының айнасы», – деп жазады ұлттанушы Амангелді Айталы. Осы іс-қимылдарды шығармашылығына сіңірген ақын «Бірін бастап, бір тастап, ұлт ісімен ойнама» («Жүрекке»), «Қызмет көрсет халқын! Негі ал қалсын артыңа, Діндесінді бауыр тұт, Қарамай қазақ, сарты аз нәрсеге мас болып, – «Мен пәлен» деп шалқыма, Пайдалы бас өперден, Ұлт кереті дегеннен. Жап қиналып жолында, Бас кетсе сартыңба» («Замандастар») – деп бүгінгі тәуелсіздік талабымен асып жатқан мәңгілік қағиданы ту етіп көтерді. Сондықтан Сәб Дөнентайұлының қазақтың азағыты үшін жанын қиған Алаштың арда азаматы Қазы Нұрмұхамедұлы қазасына арнап, «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңін жазуы заңдылық болатын.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы №34 санында «Байымбек бұрқениш есімімен берілген «Тұңғыш құрбан» атты мақала соңы Сәбит Дөнентайұлының «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңі жарияланды. Ақын қызыл әскер оғынап қапыда мері болған Алаштың милициясының сардары Қазы Нұрмұхамедұлының мәңгі

кішесіне егіліп, ұлт ұланының қаһармандық ертінін **тебіреніспен** жырлайды. **Азамат ердің** баласы сыналар сәтте ет үшпін жанын пиде еткен есіл боздақты Алаштың қаһарманы деп бағатайды.

*Тірі жанға қылмыссыз,
Қисыны жоқ оққа ұштың.
Қара өмірден тұрмыссыз,
Періште боп көкке ұштың.*

*Қандай жанға қастық қыл,
Кіммен баққа таластың!
Жат жігерін жастық қыл,
Қаһарманын Алаштың.
Ойлатып хал, шағыңды,
Таңба салдың жүрекке.
Бірақ сенің бағыңды,
Таппас ешкім тілеп те.*

*Әрі тұңғыш, әрі тақ,
Күнәсі жоқ меймандос!
Қонағыңды күтіп ап,
Ұлттың ұлы қош бол, қош! [8. 123].*

«Алаш» партиясына, Алашордаға арналған өлеңдер сол кездегі **ұлттық** поэзияда **өрісті** арна таба түсті. Ғұмар Қараштың «Тұрымтай» (1918) өлең жинағы, Сұлтанмахмұт Торайғырулының «Тапыстыру» (1918) поэмасы. **Алаш** қайраткерлерінің **1918** жылдың мамырындағы Шәуешек сапарына арналған **Әсет** Найманбайұлының «Алаш» толғауы **соның нақты айғағы**. Сұлтанмахмұт поэмасында Алаш қайраткерлерінің саяси тұлғалары мен рухани болмыс-бітімдері сомдалды. Ғұмар Қараштың «Тұрымтай» жинағындағы «Күн туды», «Тіршілік мұраты», «Неден қорқам?», «Жұртым саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен?», «Келер ме екен?», «Есеп бер» өлеңдері Алаштың рухани және саяси көсемдері ұстаған тәуелсіз мемлекет құру идеясын жүйелі түрде жырлауымен маңызды.

«Күн туды» өлеңінде «Кі татай те болың, Елге қиын күн туды. Алаштан аң тұтығың, Жер жиғанты қап жуды» — деп, сол кезеңнің

боямасыз ақиқат шындығын алға тартқанда заман ағымы елдік үшін тез екенін, әсіресе зарыға жеткен азаттықты сақтап қалу сыналар тарихи сәтте барша күшті ел болуғы жұмылдыру, Отанды қорғау сияқты ұлттық маңызды ерекше болып табылатын мәселелерді қоғамды дегенге де көтереді.

*Қара қазан қамы үшін,
Алаш атты ел болып,
Ер азамат жиналып,
Қорғалақ мынау жер-суды.
Сынылатын ерлігің,
Сықталатын серлігің,
Көрінетін елдігің,*

*Күн туды, алаш! Күн туды!
Тоңірекке көз салсаң,
Адамдықты табарсың!
Елдік етіп бас қосып,
Байланған сөзді ұқпасаң,
Шілдей тозып әр жерде,
Құлшылдыққа қаларсың.*

Тарихтың өтпелі кезеңіндегі Алаш сыналар қатерлі өткелден өтуді ұлттың ұйысуымен жүзеге асатын нақты іс қана мұратқа жеткізетіні ескертеді.

*Терезеңді тең етіп,
Теңсеріліп ер жетіп,
«Алаш» деп ұран шақырып,
Шапқан шөптей жапырып,
«Бауырымдан» бас қосып,
Малта жесіп, е десіп,
Дос-жарыңды күлдіріп,
Дұспанды іштен тындырып,
Іс қыла алсаң қылатын,
Ел бола алсаң болатын*

Күн туды, Алаш! Күн туды [4, 121]. Сондықтан ақын «Тіршілі мұраты» өлеңінде отаншылдық қасиет қазақ баласының тығырықтан шығар жолда адастырмас темірқазығы екенін ту етіп көтерді. Кандастарын сол рухта болуға қайрады. Отанды сүйуден асқан қасиет болмайтынын және де ол ұлттық мұраттың басты өлшемі деген мәңгілік өлмейтін ұстанымды алға шығарды.

*Әуелі қолдан келсе еліңді сүй,
Ел үшін еңбек еткен еріңді сүй.
Қазбаға тауап ету керек болса,
Кір жуып, кіндік кескен жеріңді сүй!* [4, 123].


«Жасында ұлтың үшін етсең жұмыс, Шұңқар ең нәрсе оның шағылмайды» деп білген ақын «Өтер ме екен?» «Келер ме екен?» өлеңдерінде ұлттық идеяның жарышысы болса, олардан «Тұрымтай» жинағында үзілмес желідей тартылған Алаш иманы арқылы ұлы мақсатын терең ұғындырады.

*Қайғылы қара күндер өтер ме екен,
Қолайсыз мінді мінез бітер ме екен?
Ит болып ырылдасып өткен күндер,
Жоқ болып ізі, жолы кетер ме екен?
Түсініп айтқан сөзге қазақ ұлы
Іздиһат ел болуға етер ме екен?
Оранған ақ жүрекке иманының,
Қадірін біліп таза күтер ме екен?
Табылып ойға алғаны бәрі болып,
Еңіреп ер мұратқа жетер ме екен! [4, 128].*

Ғұмар ұлт намысы, жұрт жұмысы қасиетті ұғымдар, сондықтан да оларға имандай ұйып, қағбадай тауап ету биік парыздың өтелуі деп ұғындырады.

*Ақ орда алаш көріп келер ме екен,
Жамырап келіп еніп кірер ме екен?
Сарғайып сағындырып қолға түскен
Асылдың қадір бұлын білер ме екен?
Ұғынып бұлын біліп қадір тұтып,
Қағбадай тауап ете жүрер ме екен?
Ұлт намыс, жұрт – жұмысы деген істер
Имандай жүрегіне сіңер ме екен?
Ащы ауыз ашырқанып айтқан сөзді,
Құрандай құлағына ілер ме екен? [4, 128].*

Алаш туының асқақ, елдік қасиеттердің баянды болуы үшін әр азамат халқына еңбек етуде имандылық пен құрандай киелі ұғымдарды санасында тоқуы шарт деген талап қояды. Мұның бәрі Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұрағымен субактисып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелден түсетін.



«Көреміз бе?» өлеңі жалпы Алаш партиясының, Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық танытатын және осы жолдағы ерен істерді Ғұмардың әрдайым қолдаушы тұлқозғаушы ақын болғанын ұғындырады. Әрі қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруді деген мұндай сарындағы өлең ХХ ғасыр басындағы ұлт поэзиясында ерек кездесетінін байқау қиын емес.

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе,

Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе?

Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты

О: алдына ел болғанын көреміз бе? – деп басталатын осы өлеңі жатқа тізгін бермейтін еркін ел, азат мемлекет болу сияқты өзекті өміршең мәселені арқау етеді. Өлеңнің басты ерекшелігі – азат болуға мейлінше қажетті шарттардың, тәуелсіз мемлекет құруды өмірлік талаптарының өткір қойылуында.

Алдын-артын мейлінше байқап алып,

Тоңіректе не бар, не жоқ көзін салып,

О: тізгінін қазақ ұлы өзіне алып,

Оз алдына жұрт болғанын көреміз бе?

Жаңа бұрынға жаңа таза білім беріп,

Надандықты терек қазып жерге көміп,

Қазақ-тағы өзі күнін өзі көріп,

Оз алдына ел болғанын көреміз бе?

Қай істе болмасын дос пен дұшпанын айыратын Алаш перзентінің мерейі қашан да үстем, өзгелерден еңселі болуы үшін оқ білімнің тереңдігі, береке-бірліктің жоғарылығы, ұлттық сана-сезімнің асқақтығы, саяси бағыт-бағдардың айқындығы, қоғамдық және ғылым-техникалық ұстанымдарының нақтылығы қажет. Осындай ірге шарттарға иек артқан, оны ұстанған ұлттың алар асуы, шығар биі де тәулім болмақ.

Оқу жұрты даярланып жеткендігін,

Жаңа оқуды қазақ міндет еткендігін,

Қазақ ұлы азат шығып кеткендігін,

Іргілікте көзмізбен көреміз бе?



*Талас қойып ынтымаққа кіргендігін,
Бір жолменен бір бағытқа жүргендігін,
Дос-дұспаны кім екенін білгендігін,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?*

*Жалқаулықты, бос жүрісті тастағанын,
Орынсызға дәулет мүлкін шашпағанын,
Керек жерде бойды балап қашпағанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?*

*Әулие деп көрінгенге бас ұрмауын,
Дін деп қорқып ақиқатты жасырмауын,
Ешнәрсені әлиеуіне асырмауын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе? [4, 127-128].*

Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз.

Тәуелсіздіктің басты сипаты – мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді.

*Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айқұш-ұйқұш жол салғанын,
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?*

*«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын,
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!*

Қазақ рухын асқақтату, өзіндік ұлттық болмысын сақтау және әлемнің дамыған елдерінен үлгі алуға шақырған Ғұмар Қараш арманы барша Алашорда қайраткерлерінің ел алдында өтеу ісіне деген шын ниеті мен қимметі үлкен мән берілуіне ықпал етті.



Алаш азаттығы, ел мен жер тұтастығы, саяси теңдігі мен рухани кемелділігі жырланған өлеңдер елдік қасиеттерге бұла күн тарытудағы жасампаздық қасиетімен құнды. Ол Алаш баласына азаттық пен еркіндіктің қаншалықты қиындықтармен келгені, ұшынуына әрі сол жолда ұлы тұлғаларымыздың жаны мен қаны бергенін ар биігінен сезінуіне ой салары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орманбетұлы *Н. Шығармалары.* – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. – 356 б.
2. Тілешов *Е. «Алаш туы астында...» Алаш қозғалысының айраткерлері, қатысушылары және оқиғалары.* – Астана: «Арманшоша», 2013. – 198 б.
3. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар: *Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сіхов.* – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
4. Қараш *Ғ. Замана.* – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
5. Торайғыров *С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т.* – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.
6. Донентайұлы *С. Сарыарқа анамызға // Кітапта: Алаш көсемсөзі 10 томдық.* – Алматы: «Өнер», 2011. 9-кітап: «Сарыарқа». – 320 б.
7. Мұқанов *С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.* – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
8. Донентайұлы *С. «Алаштың» алғашқы құрбанына // Алаш көсемсөзі: 10 томдық.* – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 б.


НҰРЖАН НАУШАБАЙҰЛЫ
(1858-1919)

Ақын шығармаларында ар-ұждан мен иман намысқа негізделген тәлім-тәрбиеге қатысты ғибратты ой-толғамдары жырланады. Отаршылдық дәуірдегі қазақ қоғамының боямасыз шыңдалығы «Бірінші назым», «Екінші назым», «Үшінші назым», «Төртінші назым», «Бесінші назым», «Ұйқыңды аш!», «Мінәжәт» т.б. өлеңдерінде көрініс тапты.

«Зар заман» ақындарының үрдісінде өткен еркін дәуірдің елге қорған болған намысшыл ерлерді аңсады («Баяғы ерлер қайда?»), кері кеткен заманға налыды («Таршылық таянған заманда»). «Қазақсың егер өзің – Алаш болсаң» ұстанымында Алаш рухының асқақтығын, елдік қасиеттердің жасампаздығын ту етіп көтерді.

«Алаш» (1910) кітабында Ресейдің отаршылдық саясатын ашық айыптап, қазақтың елдігіне төнген қауіп пен қатерді:

*«Жайлау, қыстау, жерді алып,
Көңілді қылды жаралы.
Ұйықтама, оян, Алашым!
Қолыңда жоқ заманның
Амал қылар құралы...»* – деп жеткізді.

Ұлттық намысты жанитын жыр жолдарымен жер, дін, оқу-ағарту мәселелерін темірқазық етіп, ұлттық ояну ұранын көтерді.

Алаш автономиясы жарияланған сол бір дүбірлі тарихи күндер «Алашордаға» өлеңіне арқау болды. Ұлттық бірлік, қазақ жасампаздығы ақындық шабытта жырланды.

Нұржан Наушабайұлының Сапарғали ақынмен айтысы жұмбақ айтыстың классикалық үлгісі. Ақынның «Бес арман», «Зарланымын», «Көкен-ай», «Жан сәулем» әндері, «Өгіз бен есектің хикаясы», «Қасқыр мен қозы» (Крыловтан), «Түлкі мен әтеш» мысалдары әлеуметімізде өзіндік орынға ие.

Ақынның «Құр жерге, су үстіне от жақтырған, Қараңғы адасқанға жол таптырған» деген өлең жолдары ағартушы Ыбырай Алтынсарин құанысасына қанығын жаылған.



АЛАШОРДАҒА

Бірлік қылсаң, Алашым,
Ілгері қарай басасың.
Қол ұстасып ұмтылсаң,
Қатар жұрттан асасың.
Атағын мәңгі қалдырып,
Жасасын, Алаш, жасасын!

1918 жыл.

*«Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов,
Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы,
1998. 430-бет.*

65312

«СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША
АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ТІЛДЕРДІ ДАМУ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫ (1860-1918)

Нарманбет шығармашылығында Абай дәстүрі, «зар заман» ақындары сонымен қатар ХХ ғасыр бас кезіндегі әдеби үрдістері ояну дәуірінің көркем-тік-эстетикалық стилі тоғысуымен ерекшеленетін ақын. «Заман», «Қарқылдап күлген шал қайда?», «Ер қайда шын шылбырын тартатұғын?», «Сарыарқа», «Патшаның тағы бір политикасы», «Қазақ жапыз айрылса болыстықтан» өлеңдерінде Ресей империясының отаршылдық озбырлығын әшкерледі. Жер қайғысына күйініп, дини наным-сенімнің аяққа тапталуына қарсы азаматтық үшін көтерді.

Отанын шексіз сүйген ақын «Ақ туын найғамбардың жықнай бәзірім, Жалғыз-ақ өзін сақта орыстықтан!» деп ұлт есвдандыру саясатынан сақтандырды.

«Ожығанның аузында», «Сақараға қарасақ», «Қазақ ұлы біз тұрмыз» т.б. өлеңдерінде жатқа тізгін берген елдің мүшкіл халіне налиды. «Партия туралы», «Кер заман», «Ауылнай шапты далақтап» өлеңдерінде ұлт береке-бірлігіне сына қаққан отаршылдық жүйе, шен-шекпенге күл болған кейбір жетесіз ел билеушілердің парықсыздығы сыналады.

«Ағайынсыз өскен Алаш жоқ, Бұтақсыз өскен ағаш жоқ», «Көсемі жоқ ел жетім» екенін елдік сана биігінен байыптаған ақын «Үйік-тап жатқан Алашты Оятуға қозғалық!» деген азаматтық ұстанымда болды. «Мектеп бастығына», «Жақынқа» өлеңдерімен Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбайұлы сынды Алаш санаткерлерінің қажыр-қайратқа толы ерен істеріне қолдау білдірді. «Қазақты жүруші еді қойдай бағып» өлеңімен 1905 жылғы Қарқаралы петициясының қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік маңызын барша Алаш жұртына «Жазылды жәрмеңкеде патшаға дат, Мұнан соң мәшһүр болды бұл қазахат. Тоқтамаға жұрт қатарлы елді сұрап, Жанақтан болсын деген келді рұқсат...» – деп жеткізді.

1916 жылғы қазақ қасіреті «Сарыарқа сайран жерім-ай!», Ақпан төңкерісінің ұлт тарихындағы саяси маңызы «Тілекті хактың берген күн», «Даусың қалай ашылды?», «Ұран» т.б. өлеңдерінде жырланды. «Олқып-толқын» өлеңінде туған халқын большевиктік билік озбырлығынан сақтандырды. Нарманбет Орманбетұлы Қарқаралыдағы қазақ комитетінің, кейінірек Алаш комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

— * * * —

ҚҰРЫЛТАЙҒА БАРҒАНДА

Құрылтайға бара алмай, құр қалмайық,
Ғаламнан ұрпағымыз болар мазак.
Қамданып бұл жұмысты өткізейік,
Қатарға халқымызды жеткізейік.
Тұлпарға тұмар тағып, бәйге қосып,
«Алаштап» қарақшыдан өткізейік!

1917 жыл.

*Шығармалары. Өлеңдер. Нарманбет Орманбетұлы. – Астана:
Фоллиант, 2013. 188-бет.*

АҚЫТ ҚАЖЫ ҮЛІМЖІҰЛЫ (1866(7)-1940)


Ақын, діни қайраткер. Қытай қазақтарының ұлт-азаттық жолындағы күресін жырлаушы тұлға. Ауыл молдасынан сауат ашып, кейіннен Бұқар медресесінде білімін ұштаған. Араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін жетік білген. Сарытоғай ауылында мешіт салдырып, медресе ашқан. Ұлтын рухани кемелділікке, имандылыққа шақырған.

1891-1914 жылдары орыстың Санкт-Петербургі, татардың Қазан баспаларынан «Жиһанша», «Ахиретбаян», «Сәйпілмүлік-Жамал» дастандары, «Абият ғақидия», «Сейітбаттал Ғазы», «Ишан Махмұд» кітаптары бірнеше рет басылған. Шығармалары «Айқап» журналында жарияланған.

«Ұйқыдан көтер басынды, Өнерге көндірі жасынды. Сенен басқа халықтың, Ұйқысы шайдай ашылды» – деп ояну дәуірінің рухында өлеңдер жазады. Алаш идеясын ел санасына сіңіріп, «Шегірі көп хан бар ма Еженханның санындай. Жіңішкерген іс бар ма Россияның заңындай» деп екі жақты қыспақтағы ел тағдырын жырлайды. «Біз жайынбыз, өзге ояу, Несіне мәз боп жырғалық. Уақыт – өтсе табылмас, Құйрығы жылпың бір балық. Ұйықтасаң өзге не қылмақ, Ояналық шыңдалып. Тісін қайрап қытай тұр, Мықтымыз деп бұлданып... Береке қылып бас құрап, Адамшылық құралық... Ұйықтап жатқан зілді бас, Ал басыңа тиді тас» деп ұлт намысын қамшылайды.

Ақын Қытай озбырлығына қарсы көтеріліске қатысқаны үшін тұтқындалады. Мешіті талқандалып, кітаптары өртеледі. Отбасы ойрандалып, үрім-бұтағы аяусыз қуғындалады.

Ақыт қажы Үлімжіұлы 1940 жылы түрмеде азаптап өлтіріледі. Ұлдары Қалман, Нұриддин, Абдулхафиз, Мақаш, Нұриддин, Ғазез Тарым еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. Қалман (Ғабдұлманнан) Үрімші түрмесінде азапталып өлтірілген. Ғазез Тарым еңбекпен түзеу лагерінде 21 жыл отырып шыққан. Құран Кәрімді қазақша аудару ісін қолға алған Ақыт қажы қуғын-сүргінге түскендіктен, қасиетті кітапты тәржімалауды толық аяқтауға мүмкіндігі болмаған. Кемел істі ұрпақтары Ғазез Ақытұлы мен Мақаш Ақытұлы аяқтаған.



ЖЫҒЫЛА МА ОСЫМЕН АЛАШТЫҢ ТІККЕН ОРДАСЫ?

Батысты қоршап орыс тұр,
Сыртымда қалқа – тор басы.
Ғарып Ақыт мекені –
Өр Алтайдың өр басы.
Айналаң тегіс қоршалды,
Заманың қалай, қазағым,
Жығыла ма осымен
Алаштың тіккен ордасы?

Кәдімгі Д. Ақыт – Алашшыл идея жаршысы // jezbiyda.kz

— — — — —

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ
(1867-1922)

Қазақтың көрнекті ақыны, әнші, сазгер. Алаш қайраткерлерінің елдік істерін қолдаушы тұлға.

«Абайдай арт жағына сөз қалдырып,

Жақсы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген» деп Абай ақындығының халықтық қуатын ерекше бағалады. Дәстүрлі рухани арналармен қатар Шығыс әдебиетінің інжу-маржандарынан қуат алды. «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Үш жетім қыз», «Нұрғыман-Нағым», «Мәлік-Дарай», «Жұмсап», «Кешубай» кисса дастандарын жазды «Кіші Ардақ», «Үлкен Ардақ», «Қаракөз», «Мақпал», «Інжу-Маржан», «Ырғақты», «Аққарагер», «Майда қоңыр», «Жалған-ай», «Сырмақ үйкер» сынды әндерімен ұлттық ән өнерінің классикалық үлгілерін сомдады.

1916 жылғы дүрбеленде шекара асуға мәжбүр болады. 1918 жылдың мамырында Қытайдың Шәуешек қаласына арнайы сапармен барған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрескұлы, Ы.Жайнақұлы, С.Аманжолұлының елдік істерін қолдаған. Ә.Бөкейханның Қытай қазақтарына жазған үндеухаты табыс етілген Шәуешектегі алқалы жиынға қатысқан. «Алашқа» толғауын арнаған.

«Меллетің көш бастарлық асылдары, Ел үшін бойға біткен тасыр қаны. Итан, Жапон үлгісін үйрете алсаң, Торлаған түпек заман ашылғаны! Отыз жылда оқумен өрге басып, Жапония бала кен туын тікті. Жиырмасыншы ғасырдың жігерлісі, Сыртқа шығар іштегі бұған жүкті» деп ұлттық жаңару мен жаңғыруға бастаған Алаш қайраткерлерінің тағылымын әлеуметке жеткізеді. Сол арқылы жапондарды артта қалған феодалдық сегундар елінен небары 21 жылдың ішінде (1868-1889 жылдар аралығында) әлемнің ең дамыған қуатты мемлекетінің біріне айналдырған «Мэйди исин» (немесе «Мэйдзи жаңғыруы») бағдарламасындағы басым бағыттарды қазақ топшырағында жүзеге асыруды көздеген Алаш қайраткерлерінің рухани және саяси жаңғырудағы кемелділігін исі қазақ баласының сапасына сіңірді.

Құнды әдеби мұра Қытайдағы қандасымыз Нұржан Дәулеткелдіұлының ыждахатты ізденісімен рухани айналымға қосылды.



АЛАШҚА

Міржақып, өлең айт деп қолқалайсың,
Мен бе ақын сендер тұрып ой табатын.
Алаш деп ағайынға сауға салып,
Ахаң ер отырмай ма жол табатын.

Қызық деп қара жерде түлкі қусаң,
Қалмай ма бір ел аспай шаршап атың.
Туған ой туған төлмен бір негіз де,
Аяқтанып, оттығып, марқалайтын.

Тумаған ту сиырдап уыз ішіп,
Халықтың кезі ме бұл шалқалайтын.
Өзімнің ат тұрманым сай болды деп,
Жаяу-жалпы халыққа жар саласың.

Аттыға ерген жаяудың таңы айырылса,
Қайда қаймақ мәйегің сорпалайтын! – дегенде Ахмет
Байтұрсынұлы сөз алып Алаштың негіздерін, мақсаттарын түсіндіреді
екен. Сонда Әсет:

– Ей, Аха, не дегенің бүй дегенің,
Алашқа жалпақ елді жи дегенің.
Алыс кеткен ағайын суық бауыр,
Оған мысы жүре ме үйдегі елдің!

Қазақты қауым жұрттан қара көрдік,
Бұлтындай өткіншінің ала көрдік.
Кеткенде ерден қайрат, елден ерік,
Бастармыз қай ұшпаққа дара бөліп!

Белдессен белін үзіп жықсаң негігі,
Жарыссаң төбеге озып шықсаң негігі.

Тозған елден тойынар күн тілемей,
Өз күйінді анықтап ұқсаң негі!

Бұл күнде елді жияр орын бар ма,
Елге ұстап мойындатар норым бар ма!
Көрсетші көсегенді көрнеу тұрса,
Көш асар жайлау тауға жолың қайда!

Банданың қайтарғанда тәңірім бағын,
Хан түсіп қара алады аттын тағын,
Дәрежең котерілген төмен түсің,
Оза алмас жабағыдан арғымағың.

Қисайған қыңыр тұрмыс түзелмейді,
Мұкалып жоқ нәрседен сынар сағың.
Іске аспас айтқанменен арман сөзің,
Сөз пұлсыз болмаған соң баста бағың.

Анықтап абайлап көр оңалам десен,
Анта-анта жосып жүрген қазақ жайын!
Ғылымсыз наданға айтқан насихатың,
Құмға жауған жаңбырдай кетер тегін.

Надандықтан құтылмай нас басқан ел,
Күйреуіктей тозбай ма соқа бір жел.
Асуға ат шықпайтын арба шықты,
Қанды балақ қыранды қарға жықты.

Қопада өгіз соққан жолбарыстар,
Қояннан қорыққанынан жарға бұқты.
Тұлпарды басып озған арғымақтан,
Бұл күнде қойға мінген тұғыр мықты.

Деп некен жер жүзіне жарлық шапқан,
Бір заман торған он деп самұрықты.



Өтірікші, қу, сырғақ дос болғансып,
Заты момын жақсыны жарға жықты.

Білмейтін мағрипатты шала молла,
Ерте әперген балаға қалындықты.
Көресіге арқандап қойған малдай,
Жастарды шырмап-матап жолын кесті.

Анықтап көр суретін сол емес пе,
Демендер жаман айтып ренжітті.
Халыққа қанды ауыздар уын шашып,
Қайласын жұрт бұзудың тауып ұқты.

Мағрипатсыз біздегі шала молла,
Меллаттың құлағына құрым тықты.
Қандасым, қарындасым, қайран қазақ,
Газет-журнал көп айтқан сөзді ұмытты.

Халықтың қатарына апара алмай,
Қылды кім бұл заманның артын күпті!
Өнер, сынхат, мағрипат арқасында,
Жайында наһанларды шабақ жұтты.

Жадырап өнерлі елдің күні туып,
Бұл зұлмат қараңғылық бізді тұтты.
Бар шығар біздей неше жылағандар,
Уақыт кетті, бір қатар ғұмыр кетті.

Ұл бала деп қой сойған емес пе еді,
Ақтандар анаңыздан емген сүтті.
Тапқыш көп, тар заманның қамқоры көп,
Онымен көргенім жоқ өнген түкті.

Маелактар күңіретіп, күйзеліп жүр,
Меллат үшін арқалап ауыр жүкті.

Күңіренгенмен гүлденер күй тумады,
Ел білер ғылым керек шынын ұқшы.

Отыз жылда оқумен өрге басып,
Жапония бала кеп туын тікті.
Жиырманшы ғасырдың жігерлісі,
Сыртқа шығар іштегі бұған бүкті.

Жиырманшы ғасырдың жаздым жылын,
Айырсын деп арзан мен қымбат бұлын.
Дін дүние, тағат талап, кәсіп парыз,
Бұған арнап Жаратқан ақтың құлын.

О, барша хайуанаттан абзал қылып,
Есті қылып Жаратқан адам ұлын.
Тән баққа талай жеміс табылады,
Ғұмырдың егіп шығар қызыл гүлін.

Жаныңның шөлі қанар жұмыс істе,
Ғаламның түсінерлік ғылым сырын.
Меллатқа жап тәңіңмен қызмет қылып,
Қожа бол шаһаратқа, жұртқа біліп.

Меллаттың аяқ асты қалмақтығын,
Білерсің оқып білсең талғап білім.
Ел болып етек-жеңің жиылмаса,
Сойылмен жүлде алмағың болар қиын.

Жалғыз ағаш болмайды орман деген,
Өркендесін жалпақ ел оқып білім.
Білекте емес жүректе баяншы күш,
Елдіктің тігем десең бекем туын.

Қол өлеңіңе көсемнің қуаты артар,
Меллаттың өңісе түгел ашық ғылым.



Асылдар абайларсың болсаң зерек,
Жақсының алған емес жаман тілін.

Шабан шартық құрасаң мал бола ма?
Көзін тырнап ашпасаң жуып кірін.
Қыстан қатты қысқан бұл заманның,
Осылай деп айтамын анық шынын.

Байлық – мұрат, кедейлік – ұят емес,
Мұрат сол өз халқыңа қызмет қылғын.
Көрмеген жұрт пайдасын надан байдың
Дәулетінен пайда жоқ жалғыз шылым.

Алға бас алдыңғы елдей аласұрып,
Құралып жұрт болғанша алма тыным.
Еуропа, Америка халқы қандай,
Жарандар, жеткен елдің байқа сынын.

Қалған жұрт қараңғыда халық емес,
Ақылдың көшесінің айтсаң шынын.
Алашым, басың көтер қарап жатпай,
Ғылым ізде ғұмырыңды босқа сатпай.

Ғылыммен неше түрлі кеме жасап,
Еуропа жүрген жоқ па суға батпай.
Жайылған дүниеге ғылым пәннен,
Құр қалдың ғой қазағым, дәмін татпай.

Міржәкып Дулатов пен марқұм Абай,
Меллат үшін орысқа өтті жақпай.
Құлаққа құрым тыққан сауабың не,
Әр тауда телім болып бірлік таппай.

Ахмет «40 мысал» деп сөз шығарды.
Оны жай олең көрдің сынан бақпай.



Толғансаң түсінер ең түйін сөзің,
Тентіреп жүргеніңше таңың атпай.

Ғаламдықты тастасаң ғылым іздеп,
Ұмтылсаң қалмас едің сірә таппай.
Алты миллион Алаш боп құр атаққа,
Қор болдың үкіметіңе жауап қатпай.

Бай атаққа мақтанған пұл көбейіп,
Өзің де тек жүрмедің жала жаппай.
Қылдан қылшық айырдым деген билер,
Ақша үшін шарифатты басты таптай.

Бір қара өшін қасаммен жанын берген,
Қоя ма ғауамларды Құдай атпай.
Сол үшін жазбақ болдым осы сөзді,
Сорақы қылығыңды бетке шаптай.

Алып жүр ақылды жұрт қазақты алдап,
Қараған хайуанша сырттан малдап.
Қазақтың анық қол деп ұстағаны,
Айтады өтірікті шынға балап.

Анық шыншыл мақтарлық ер атасан,
Мыңнан бесеу табылады талғап-талғап.
Ақылсыз, ессіз, мисыз хәм шаруасыз,
Мінезі надан елдің қандай тайғақ.

Бұл заман қандай болып өзгергендей,
Көзі жоқ көкейсізден ғибрат алмақ.
Надандық кір болғанда ғылым сабын,
Сабындап кетіретін бар ғой таңлақ.

Асқан ел ғылымменен қандай батыр,

Бордан бос жалаңаш жан тәрбиеге,
Ынсанның пердесі-пән, ғылым-шатыр.

Қиянат, жалқаушылық, надан тұрмыс,
Сонымен біздің қазақ қандай пақыр.
Бар көрген тіршілігі төрт түлік мал,
Жер кетсе айдап жүріп болар тақыр.

Ақыл айтқан Алашқа дұшпанмен тең,
Толғап айтқан аныққа шығады ақыр.
Надан, мылқау шалдарың кетіп болды,
Заманға ілес жаңғырып, ей, мүсәпір.


Болардай өз несібең өзіңе тән,
Ырыздық теріп жеуге үйрен жатыл.
Алдыңғы елу жылда сапқа кірді,
Мажуси Итан халқы, Жапон да ақыр.

Надандық өкініштің нысанасы,
Ей, жастар, ғылым үйрен, елді шақыр.
Айтудан асыл сөзді болмас зарар,
Ел бірақ ішін білмей сыртын қарар.

Сөдегей сөлекет жоқ асыл сөзді,
Ұғуға ой соқыры қайдан жарар.
Көкірегі көретін көсем көз ел,
Алтындай санасынан ақыл тарар.

Меллат үшін түсінсе ынтық болып,
Махаббат жүрегіне ізет барар.
Гауһар нақыш шеккендей тәтті сөзді,
Білген жан бір ауызын мыңға санар.

Адамда бар асылды аңғартатын,
Басын дұрыс меңзесең соңын табар.

— 
Жақсы сөздің бағасы өлшенбейді,
Жүрекке бал, құлаққа күй боп жағар.

Қарасаң құбылған бұл заманаға,
Түптесең сөзді сайып мағынаға.
Жаман пиғыл – дауасыз дерт деп айтқан,
Лұқпан хәкім сөзін ұқ, бағала да.

Сүтпен біткен мінезің сүйегіңде,
Оны терің перде боп жаба ала ма?
Мың мәрте сабынменен жусаң-дағы,
Терісі қара қойдың ағара ма?

Өгізбен қас тобынақ қасымайды,
Ендеше мінезсізді жағалама.
Қаншама қастер тұтын жақсылық қылсаң,
Тегі жаудың қоңылы тазара ма?

Шыншыл бол, шықпа жолдан шыдамды бол,
Талап – басшы, ақыл – дос, қайратың – жол.
Қыршаңқы қотыр тауын қасынады,
Надан қысы жолдасы есерге қол.

Мамықтай жұмсақ болса мінез – сөзің,
Елінде жылы жүзбен мақтауға төл,
Пайдасыз іс, қайырсыз сараң байлар
Мысалы, хайуан ішпес бір ащы көл.

Ақыл, ғылым болмаса сабыр, қайрат,
Жанарың бір пиала дөңгелек шел.
Талапсыз, тауқыметсіз, өткен өмір,
Құны ыстық керуен түспес сахара шөл.

Асуын жа қаулықпен аспай қалма,
Кезенет тау оқ жетпес болмайды бел.



Надандықтан ғылымды қисынсынып,
Ақылдан адасып жүр бір қатар ел.

Риясыз сөз туыссыз бейне жылқы,
Секілді пайдасы жоқ жаңбырлы жел.
Ақтүйғын жапалақпен шатылмайды,
Құрыш пен қола қайнап қатылмайды.

Сан да бір, баға да бір арзан-қымбат,
Сары жез сап алтын боп сатылмайды.
Соқтадай сомасы бір бәрі пенде,
Арасын ғылым бұлдап асылдайды.


Елде көп мағынасыз өлең – мысал.
Меллатқа бәрі үлгі боп шашылмайды.
Қайнамай пысқан нәрсе дүниеде көп.
Қайрамай қанжар жүзі ашылмайды.

Меллатқа жәрдем ойлап жан қиғандар,
Қоңылы елді көрмей басылмайды,
Бұзық іспен бұлтылдап жүрушілер,
Жүрісін қай ғылыммен мақұлдайды.

Бақшада ғұмыр піскен бір қызыл гүл,
Санаулы сағадатлы сатылса да.
Талабың талпынарлық арықтаса,
Жеткізбес қуған ісің мінсең дүлдүл.

Танып қал табан астың таймас болсын,
Бүгін шын, не болады ертеңді біл.
Наданға тас пен гауһар бәрі бір тас.
Қор болған білімсізге бейшара тіл.

Ауызға абыройсыз тілмані болсаң,
Оның да ақырында халі мүшкіл.



**Танысқан асса Алла, асса жүртка,
Қызылтып жақ пен басты тастарың түл**

**Базарға санаулы жан саудаланса,
Болар ем бұл дүниеге жаралған түл.
Сақтап деп рауайат қып айтқаным бұл,
Патшаны, жақсыларды ардақтаған.**

**Асуды алқынғанды шалжақтаған
Өктемді дүниеде тең шықпаған.
Күпірлік ерлікпенен жан жақпаған
Әулие, нәби, мұрсал, ғалелдерді,**

**Батырды, шешендерді саңлақтаған,
Санаулы сағатында ажал жетсе,
Ғазырайыл бір-ақ тартып қармақтаған,
Бүрк еткен **бір лебізбен** жапың шығып.**

**Кеудене топырақ үйген саңлақтаған,
Болжасаң әуел-ақыр түгел теріп,
Дүние жан несіп таңлақтаған,
Халық етті жоқтан бар қып Алла бізді.**

**Махпұза рухымызды бұрын тізді,
Жалғанда жан болған соң жарық көрдік.
Аспан, жер, ай мен күн, жаз бен күзді,
Дүние ел шақырған бір үлкен той.**

**Қызық көр деп жіберді хаммамызды,
Біреу құр, біреулердің олжасы бар.
Аһылы сайтан пайдадан үміт үзді,
Ызба қып көп жыл қылған ғибадатын.**

**Аласың күпірлік қып ниғылып бұзды,
Алланың әміріне қайшы келіп.**



Мәңгілік шығып кетті жолдан ізгі,
Бәрінен ер біткеннің жесір қалар.

Айттырып әркім ап жүр дүние қызды,
Сұлу қыз көңіл ашар дүние балдай.
Қалған жоқ еркек кейін бір бара алмай,
Сөйтіп, сүйген дүниең күйдіреді.

Кетерде шын қайырылып көзін салмай,
Жалаңаш үш көйлекпен көрге тастап.
Есігің жоқ жан шыққанда болдың қандай,
Шатаққа шалдығармын саған сенсем.

Дүние нәпсісіне әбден ерсем,
Рүстем мен Ғалидай болар едім,
Өзімді-өзім жаулап сені жеңсем.
Пиғылымды бұздың да арандатып,

Аяғы бір сабалақ қылдың сенсең,
Шылғи тері секілді келмейді йым,
Осы күй тоқтар ма екен ақы берсем,
Басқан із, көрген қызық, жасаған жас.

Дариға-ай, сонау бастан қайта келсең,
Армансыз дүниеден өтер едім,
Меллаттың қажетіне жарап өлсем.
Бек жақсы меллатыңа қызмет қылып.

Болмайды сандалма мен қарап жүріс,
Өнер сынғат, мағрипат арқасында.
Жол танып жамандар болды дұрыс,
Еңбексіз, харекетсіз табылған мал.

Әлбетте, шаршағанда да бұрыс,
Абайлап көзіңді ашып байқағанда.

Өнер тапқан халықта бақ пен ырыс,
Соларды ойлағанда біздің казак,
Болмайды бекер жатып қарап жүріс.

Менің сал, бала оқытар мектеп салғыз,
Ғылымнан табасың шың кетпес ырыс
Бұл жайлы құлақ құрышы қапар сөзді,
Ғұламалар көп айтқан өте дұрыс.

Абай марқұм ашықтап айтпады ма,
Біліммен қопатын дәулет ырыс,
Сондай сөзді айтушы **табынғанда,**
Құйма құлақ болсаңшы Алаш туыс.

Бақ-мәнсап бір қысы үшін жаралған жоқ,
Ойласаң бәрі-дағы бір-ақ тыныс.
Ел мұңын шертер күйші елде көп-ақ,
Тындасаң өзіңнен де кетер құйыс,
Үнемі әзіл-күлкі табылар ма?
Күн мен түн, шаттық-қайғы, **болған** туыс.
Дүние бір қысы үшін жаралған жоқ.
Болады бірде түзу, бірде бұрыс,
Қой баққан, жылқы айдаған падап байлар,
Қу жанына таптырмас тыным құйыс.
Жабу салып ұйықтаса қой **шетіне.**
Малдың қиы мұрнына **жұпар иіс,**
Құр атаққа мардымсып ғұмыр кешкен.
Ол дәулетке ешкімді қылмай туыс,
Малдан зекет астықтан құшыр бермей.
Жиған дәулет болмай ма жолдан бұрыс,
Меллаты үшін атамас жалғыз тайын.
Қорасына мың сомнан кірсе кіріс,
Бар қиялы падаңдық тіршілігі.

Мал болып малмен бірге аман жүрсе.
Мейлі мал бақ егін сал, сауда жаса,
Бәрін де адамдықпен қылу тиіс.
Құс сайрамас қапасқа қамалмаса,
Қайғысы торығудың жамалмаса,
Егескен ерге арман шешен тілмен,
Айтарын қапылыста таба алмаса.
Мұң болар қарға адым қайрандарға,
Арықтап қара арғымақ табандаса,
Жұлде алған жұма сайын ат та арманда.
Жазым боп бір сапарда шаба алмаса,
Жау алмай жұтқа кеткен мал арманда.

Иесі қойын түзеп баға алмаса,
Жалғанда армансыз жан болған емес,
Дүниені әуел – ақыр тәмамдаса,
Біреуге құшым бар деп қылма қастық,
Салады адамды отқа нәпсі мас қып,
Бай бір боран, батырың жалғыз оқтық.
Опасыз мал – мәнсапқа болма мастық,
Әр істі қайырыммен адал істе.
Біреуге қылмас жаман араз-аштық,
Абай айтты ғибрат, ақаң тәмсіл.
Біз соның дәмін татып, жолын бастық,
«Тәурат» кітабында мағлұм болған.
Ғибратты баяндап жұртқа шаштық,
Бір Алла күштілердің қуаттысы.
Ақымақ адам мүлкі бекер аптық,
Аллаға қайткен күнде жаға аламыз.

Біреуге өтірік айттық, жала жаптық,
Шариғат қиянатшы бол деген жоқ.
Осыпша қияны жоқты қайдап таптық,
Мен таптың көң бастарың асыптары



Елі үшін бойға біткен тасыр қаны,
Ақ жолға берекемен ұйыта білсең,
Жаратқан оңға бастар мұсылманды,
Өзіңе-өзің берік бол, елді түртпей.
Оятып іргендегі масылдарды,
Итан, жапон үлгісін үйрете алсаң,
Торлаған түнек тұман ашылғаны,
Ел болып ірге көмсең қалаласып,
Қоралар малмен тозып шашылғаны,
Өзің бірден кенеліп кетпесең де,
Келешек ұрпағыңның тасыр бағы,
Кеуде зор, талап таудай, көңіл ұшқыр,
Инесі көкейсіздің қандай ұшқыр.
Аузың айтып, жалқаулық артқа тартып,
Досқа күлкі, дұшпанға болма мысқыл,
Зор дұшпан бойыңдағы залым нәпсің,
Ер болсаң тілін алмай соған күш қыл,
Бақ таймай жалғаншыдан ар да көшпек,
Бола ма ер жігітке сонан мүшкіл.
Ақылға айтқаныңды бұлдайтұғын,
Я Құдай, пиғылы түзу жанға дос қыл.
Алаштың арманын шын аяласаң,
Адалдық берекемен басын қостыр,
Әртүрлі заманада ашына бар,
Солардың пиғылына қарап іс қыл.
Досың бар, сырты мөлдір, іші көлгір,
Қуансаң кек, қайғырсаң шат боп естір.
Әуелі осыларды танып алып,
Табысып талаптымен жүйелі іс қыл.

— ❁ —

ДИЯ ҚАЖЫ (МҰХАМЕДИЯ) АХМЕТҰЛЫ (1871 (1873)-1931)

Сонымен бірге, Ақмешіт медреселерінде білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған. Мекке, Мәдинаға қажылық сапар жасап, қайтарғаннан кейін Түркияда білімін жетілдірген. Туған жері Жәмші тоғанынан (қазіргі Жарылғап ауылы деп аталады) мектеп ашқан. «Шаһар-лу», «Сақрап», «Қасеннің өлімі», «Мұхаммет», «Ерназар-Бекет», «Шайназада» т.б. дастан-қиссалар жазған. Дін бірлігіндегі рухани қиыншылықтарды қуаттаған.

Он алтыншы жылғы тарихи шындық «1916 жыл» өлеңінде:

*«Николай патша Екінші,
Бұйырды қырғыз, қазаққа.
Сухомлинов генерал,
Шашты жарлық бұл жаққа:
Мың тоғыз жүз он алты,
Тұра ғып милләт санаққа.
Жиырма бесінші июньде,
Солдатқа жасты алмаққа.
Қанды қырғын соғысқа,
Шошынды жүрек бармаққа.
Әркім қылды бір далбас,
Себебін тауып қалмаққа.
Құзыры жүрген ақ патша,
Көңсін бе бекер қалжаққа –
Аққайранша шоршытып,
Көкқоянша ыршытып,
Ілді тізіп қармаққа»* – деп суреттелген.

Алғаш идеясын қолдаған ақын 1928-1930 жылдары большевиктерге қарсы жүргізілген «Шет дүрбелеңіне» қатысқан. «Кәмпеске» өлеңінде:

*«Құтты, сүтті, қазақ малы,
Құзғынның айдауында кетті бәрі»* – деп жаңа билік саясатын сынайды.


Ең соң өкіметі тарапынан қудаланып, Қарқаралы түрмесіне қамаулы болған. Дияқажы (Мұхамедия) Ахметұлы Қарқаралының Үлкенкөл қаласында өмір сүрген.



ҚАЙРАН, АЛАШ

Үш айдай ән түзеттік болып Алаш,
Жұрт болып қазақ-қырғыз қосуға бас.
Неше жыл дәмдес болған Русиямыз,
Демеді басын изеп,
Біреуі рас.
Семейге Алаш атап,
Тіктік Орда,
Тілектес бір шетіміз Орынбор да.
Айырылып көп ұзамай мал-мүліктен,
Ақыры кез болдық қой қалың сорға.

Дия қажы шығармалары. Ақын шығармаларын ел аузынан жинастырған, құрастырған және түсініктерін жазған Төрехан Майбас. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 55-бет.

— — — — —

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
(1872-1937)

Алаш қайраткері. Алаш-Орда үкіметінің мүшесі. Ұлт ұстазы, аударғушы. Ақын, аудармашы, көсемсөзші, түркітанушы. «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926), «Әдебиеттанытқыш» (1926) еңбектерімен қазақ классикалық филологиясының негізін қалады. Қазақ жазуының реформаторы атанды.

«Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) олең жинақтарымен ұлттық өміну дәуірінің тақырыптық-идеялық бағытын айқындады. Алғашқы ұлттық басылым «Қазақ» (1913-1918) газетін шығаруда ерен еңбек атқарып, отаршылдық саясатты айыптаған мақалаларын жариялап, Ұлт азаттығына, рухани кемелділігіне бастайтын мақалаларымен өзіне Алаш баласының отаршылдық рухын көтерді. «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек, бай болуға – кәсіп керек, күшті болуға – бірлік керек. Осы үш дегендердің жолында жұмыс істеу керек» деп елдік жолын нұсқады.

Ә.Бөкейхан Бөкейханның мұрағатас әрі үзешілес серігі. Ұлт көсемінің көркем бейнесін қазақ әдебиетінде алғаш сомдаушылардың бірі. Патша абактысының тепірішін (Орынбор), коммунистік жүйе қарсылығын (Архангельск) көрген ұлт қайраткерінің азаттыққа шығуына Ә.Бөкейхан қажыр-қайратын салған. «Үят!» мақаласында «Қазақ», 1914. №54) «А.Н.Радищев... абактыға жабылып, 10 жылға түрмеге айдалды. Оның замандасы, тағы бір газетші, Еуропаға жол ашқан Н.Н.Новиков Шлиссельбург бекінісінде 15 жылын өткізді.

Ахмет және Міржақып бауырларым! Сендерді қамаған түрме – Радищев пен Новиков отырған түрме. Ресейде ең болмағанда, бір рет тұтқында болмаған саналы адамдар санаулы-ақ. Достоевский, Помяловский, Короленко, Чернышевский, Морозов сықылды жазушылар да түрмеге отырды.... Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдауға кетті...» деп жазды. А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханмен бірге «Жиырма үш жоқтау» (Мәскеу, 1926), «Ер Сайын» (Мәскеу,



ДОСТЫМА ХАТ

Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрің-ай!
Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлт арылмай.
Көк етті, көн терілі, көніп қалған,
Сықса да шыдай беру, жұрт жарылмай.
Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр,
Кім шыдап, жолдастыққа төзіп жатыр?
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар,
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.
Сынайтын жақсы менен жаманды өлшеп,
Құлдықтың қолдарында көзі жатыр.
Кешегі кеңшілікте керек қылған,
Бостандық болмаған соң, безіп жатыр.
Айтқанмен таусыла ма оны-мұны,
Талайдың таңдамалы түпкі сыры:
Жанасқан шын көңілмен жақындық аз –
Көбінің іші салқын, сырты-ақ жылы.
Ақшаға абыройын, арын сатып,
Азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.
Жаны ашып, жақын үшін қайғырар ма,
Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы?!

*Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби
зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. 76-бет.*

— * * * —

ҒҮМАР ҚАРАШ (1876-1921)

Ақын, философ, Алаш қайраткері. Атақты ақын Шәңгерей Бөкеевпен бірге әлем елдерінің әдебиетін игереді. Өзіндік ізденісімен татар, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін меңгереді. Шығыс және батыс әдебиеті, философиясымен танысады. 1911-1913 жылдары шыққан тұңғыш ұлттық басылымдардың бірі – «Қазақстан» газетінің редакция ұйымдастырушыларының қатарында болды. «Айқап», «Қазақ» басылымдарының ісіне белсене араласып, мақалаларымен ұлттық сана-сезімге оятуға ықпал етті.

1917 жылдан 1918 жылдың көктеміне дейін Уфа қаласындағы «Алаш» орталықтың жоқ-жітік, кемтар, жетім балаларға жәрдем беру бөлімінде қызмет атқарады. Сол мекеменің қазіи болып сайланады. 1917 жылы көктемде Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман қауымының кезекті құрылтайына қатысады. Ресейдің Еуропа бөлігі мұсылман Сібір мұсылмандары Діни басқармасының алты қазіиының бірі болып сайланады. 1917 жылы мамырда Ордада өткен Бөкей мұсылман қауымының жалпы құрылтайына өкіл болып қатысады. 1917 жылы 26 шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде болады. Сол съезінің 5-13 желтоқсанында өткен Жалпы қазақтық екінші съезіне қатысады.

«Алашқа», «Алаш азаматтарына», «Көреміз бе?», «Келер ме екен?» өлеңдерін жазып, ұлт өміріндегі тарихи күнді, аласапыранға толы кезеңді жырлайды. Ордада жарық көрген қазақтың тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналының шығарушылар алқасын басқарады. Ордада да қайраткердің «Педагогика» атты құнды еңбегі жарық көрді. Оның басшылығымен «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тұлпар» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Орынбор, 1918) өлең жинақтарында отаршылдық танған құлдық санадан құтқару, ұлттық ояну ұраны ту етіп көтерілді.

«Тұрымтай» (1918) жинағындағы «Күн туды», «Тіршілік мұраты», «Келер ме екен?», «Жұртым саған не болды?», «Көреміз бе?», «Келер ме екен?», «Келер ме екен?», «Есеп бер» өлеңдері аласапыран кезеңдегі халық тағдырын және ұлттық идеяны жырлауымен ерекшеленеді.

Алаш арысы 1921 жылы 12 сәуірде большевик Е.Панченко қолымен қаза тапты.



Ғ.....ҒА

Ірі жұмыс қолға алып,
Айға шапқан арыстан.
Таза жүрек ақ бейіл,
Терең ақыл, данышпан,
Тайғақ кешу жерлерде,
Тар қапулар келгенде,
Ұлт намысын қолынан,
Жібермеске шалысқан.
Қалың бауыр жұрты үшін,
Жасанған қолды бұзам деп,
Жарып өтіп озам деп,
Тізгін бермей қарысқан.
Жұлдені қалай берем деп,
Жатқа не деп ерем деп,
Ақиық айқын ерлермен,
Белсеніп шығып алысқан.

Екі сөзді білмеген,
Сер көңілді серекпен.
Серт байласқан жерінде,
Ұрандасып табысқан.
Алдаспаның асынып,
Айбарын да асырып,
Мұздай болат киініп,
Аруаққа сиынып,
Қабағыңнан қар жауып,
Қадамыңнан қан жауып,
Шығар болсаң көңілім,
Қарсы тұрар қай дұспан?



ТҮС

Өткен жұма түнінде,
Мен бір ғажап түс көрдім.
Түс болғанда тамаша,
Адам нанбас іс көрдім:
Ылдиы жоқ, қыры жоқ,
Кең алқаптың үстінде,
Қыбырлаған жандардың,
Көптігін шектен тыс көрдім
Қиыры жоқ, шеті жоқ,
Толып тұрған адамдар.
Бұ, не деген көпшілік,
Шамасы үлкен базар бар.
Шырамытып біреуді,
Жанына бардым жақындап.
Сұрап едім «бұ не?» деп,
Қоя берді тақылдап.
«Бұны білмей не жансың,
Бұл қадімгі мақшар ғой,
Жаман, жақсы шекара,
Бұл бір тұрған жапсар ғой,
Мақшар туған күнінде,
Күнәлілер қақсар ғой.
Талайлар мұнда сүрініп,
Талайлары ақсар ғой».
«Ана тұрған көрініп,
Асып қойған шеккі ғой.
Сол шеккі де талайдың,
Соры қайнап кетті ғой.
Сұрқиялар жұртты алдап,
Теріске айдап жан-жалдап,
Адастырып әлемді.
Қас маскара етті ғой».




«Жұртты бастап жетелеп,
Қолдарынан келмеске,
Ертегі айтып нандырып,
Ақыл жетіп сенбеске.
Жер көтерген өгіз деп,
Өгіздің асты теңіз деп,
Жоғын айтып құдайдың,
Әбден түпке жетті ғой».
Аң-таң болып бұл сөзге,
Тұрғанымда құр текке.
Шаң көрінді айдаған,
Көп кісіні бір шетке.
Көз жіберіп қарасам,
Бәрі таныс адамдар.
Бөз ораған басына,
Қаратаяқ надандар.
Арқасында бәрінің,
Ауыр-ауыр жүктер бар.
Ала-құла, түрліше,
Арасында жіктер бар.
Бір жағында бұлардың,
Ақсақ-тоқсақ айдаған.
Ылғи жадау мал көрдім,
Мойнына арқан байлаған.
Арқандардың бір ұшы,
Молдалардың қолында.
Жүк астынан көрініп,
Көздері тұр жайнаған.
Көрген шақта бұларды,
Ішім білді ұрғанын.
«Бала тұлпар» кітапта,
Айтқан сұмдық болғанын.
Ауыстырып танаға,
Жүрі күнәсіп арқалан.

Өңшең көк ми сорлылар,
Өз басына қылғанын.
Жанымдағы ділмарға,
«Кел, кетелік бұлай» деп,
Ишараттап сөз айттым,
«Келіспеді сылай» деп.
О да қорқып тұр екен,
Дем алалмай ынтығып,
Шыға беріп сөйледі:
«Сақтағайсың құдай!» деп.
«Танимысың, бұлар кім?»,
Дейді маған жолдасым.
Бәрі таныс үндеме,
Құдайым сақтап қолдасын.
Мен келемін үндемей,
Қуана ма екен анау бір.
Текке қарап келмейді,
Сөз айтады бір сыбыр.
«Шикі ме едің сен де» деп,
«Үндемейсің мүлде» деп,
Шынтағымен түрткілеп,
Күбірлейді бұл құрғыр.
Түсім салып, сыр бермей,
Оған қарап айтқаным:
«Қалжыңдама, не керек?!
Шапшаңырақ ұмтыл, жүр!».
Біз бұл жерге келгенде,
Аттар мінген қанатты,
Айбары зор, санаты,
Қарсы келді көп кісі,
Пормы киген баршасы.
Зиялыдай көрінді,
Алдарында біреу жүр.
Басында бар кепкісі,
Тани кетті ділмарым.



«Әлекем ғой анау!» деп,
«Әулет сүйген ерлердің
Дәрежесі сол-ау!» деп
Пәлсәпәсын соғады.
«Ақиқаттың жолында
Жан қинаған ерлерге,
Не болса да, жол-ау» деп.
Ойыма алдым бұл қалай?
Әлі мұны қаралап.
Жүрмеп пе еді молдалар,
Түрліше айтып жаралап:
«Дін білмейді пақыр!» деп,
«Дияннықа* тақыр» деп,
Аяушы еді кейбірі,
Айтпаса да саралап.
Маңдай алған бағыты,
Ұжмақтың жолында.
«Алаш» сөзі жазулы,
Ұстаған ту бар қолында.
Алғы сүндет, гимназист,
Оны менен солында.
Жарқылдатып кеткенін,
Қарай қалдық соңында.
Тап болдың мұнан шығып аз сабазға,
Артпаған бес-алтыдан саны азға.
Үркердей топтанысып, сауық құрып,
Келеді құлақ салып тартқан сазға.
Ұстаған қолдарында жарлығы бар,
Жазылған алтын потал ақ қағазға.
Тігілген киіз үйдің рәсімі тұр,
Көз салсам алдындағы бір қағазға.
Жолдасым жөн сілтейді, маған енді:



«Сөз жалған жазушылар бұлар» дейді.
«Сарыарқа», «Ұран», «Қазақ», «Бірліктерден»*,
Шығарып жол көрсеткен солар дейді.
Көрсетіп қолыменен анау рәсім,
Киіз үй мағынасын кім ұғар дейді.
«Халқының көзін ашқан сабаздардың,
Әлбетте орны ұжмақ шығар» дейді.
Мен айттым тағы газет болушы еді,
«...» дым-ақ тәуір көруші еді,
«... ..» я, «Үш мың бе екен мұның аты,
Әйтеуір – соған ұйқас келуші еді.
«Жоқ шырақ, оның орны басқа» дейді,
«Мәсликсіз жазушысы қасқа! ...» дейді,
«Оны айтып бұл арада, не қыласың,
Шығарып ойыңыздан таста» деді.
Сөз айтып бұған қарсы, дым демедім,
Түсініп іс түріне, үндемедім.
Адамсып әр турада білгішсінген,
Пәзірін танысам да күндемедім...
Келгенде осы араға, көзімді аштым,
Табалмай түс жоруын көп адастым.
Қол сілтеп ақырында бұл хиялға,
Киініп өз жолыма аяқ бастым.
Сөйтсе де кейбір «хиял» ақиқатпен,
Іргелес қопатып деп жұртқа шаптым.

gumar.kz/shy-armalary.htm

— ❁ ❁ ❁ —
КҮН ТУДЫ

Екі талай іс болып,
Елге қиын күн туды.
Аспанда ай тұтылып,
Жер-жиһанды қан жуды.
Қара қазан қамы үшін,
Алаш атты ел болып,
Ер азамат жиналып,
Қорғалық мынау жер-суды.
Сыналатын ерлігің,
Сықталатын серлігің,
Көрінетін елдігің,
Күн туды, Алаш! Күн туды!
Төңірекке көз салсаң,
Адамдықты табарсың!
Елдік етіп бас қосып,
Байланған сөзді ұқпасаң,
Шілдей тозып әр жерде,
Құлшылдыққа қаларсың.
Терезенді тең етіп,
Теңгеріліп ер жетіп,
«Алаш» деп ұран шақырып,
Шапқан шөптей жапырып,
«Бауырымдап» бас қосып,
Малта жесіп, е десіп,
Дос-жарыңды күлдіріп,
Дұспанды іштен тындырып,
Іс қыла алсаң қылатын,
Ел бола алсаң болатын
Күн туды, Алаш! Күн туды.



НЕДЕН ҚОРҚАМ?

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.

Істері адамдыққа жанаспаған,
Жануар -- екі аяқты аңнан қорқам.
Көлеңке елестеген бойдан қорқам,
Түс көріп, өң деп ұққан ойдан қорқам.

Теңгеріп жарлы, байды құрып ұрмақ,
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам.
«Теңгердім, той жасадым жұрт үшін», – деп,
Жер-жерде шалған құрбан қойдан қорқам.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.
Күлімдеп кіріп, ішкі сырынды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам.

Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам.
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,
Тысына қайшы келген іштен қорқам.

Ұрмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бірнәрсе де келмек емес.
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.

Ғабилат таңы, жолы өзіне хас,
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес.



Адаспа, андық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.
Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасан,
Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес.

САҒАН НЕ БОЛДЫ?

Дүние толы өсек-аяң, жер солды,
Елемесең, елім, байқап оң, солды.
Өтер жолың тайғақ кешу тар жолды,
Байқамастай, елім, саған не болды?

Дұспан шықты, жан-жағыңды қамады,
Жиғаныңды алды, өртеді, талады.
Қарсылассаң тамағыңнан шалады,
Мұны көрмей, жұртым, саған не болды?

Үрім-бұтақ ұрпағыңды күң етер,
Әлпештеген аруыңды күң етер.
Жарық сәуле бостандыққа мұң етер,
Ойламастай, жұртым, саған не болды?

Сен жатырсың қатты-терең ұйқыда,
Өзді-өзіңмен алысуда миқыда.
Талас-тартыс үнемі ызы-қиқыда,
Оянбастай, жұртым, саған не болды?

Бүгін болса тамағымыз тоқ дейсін,
Ертеңінің еш керегі жоқ дейсін.
Азаматың аттан ұшса «шок» дейсін,
Ұялмастай, жұртым, саған не болды?

Ел-қошқеніңе жұртта қалған сен бе едің,
Ар-намыстан жұртта болған етме едің?



Қаның қара, басқалардан кем бе едің,
Қозғалмастай, жұртым, саған не болды?

Алатаудан асып барып жайлаған,
Беткейінде құлын-тайың ойнаған.
Ойына алған ісін етпей қоймаған,
Ел емес пе ең, жұртым, саған не болды?

Шыңғыс, Бату хандық құрып тұрған ел,
Қара қыпшақ Қобыландылар туған ел.
Қарсылаған дұспан жауын қуған ел,
Емес пе едің, жұртым, саған не болды!?

КӨРЕМІЗ БЕ?

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе,
Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе?
Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты,
Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Алды-артын мейлінше байқап алып,
Төңіректе не бар, не жоқ көзін салып.
Өз тізгінін қазақ ұлы өзіне алып,
Өз алдына жұрт болғанын көреміз бе?

Жас буынға жаңа таза білім беріп,
Надандықты терең қазып жерге көміп.
Қазақ-тағы өзі күнін өзі көріп,
Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Оқу жұрты даярланып жеткендігін,
Жалпы оқуды қазақ міндет еткендігін.
Қазақ ұлы озат шығып кеткендігін,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?



Талас қойып ынтымаққа кіргендігін,
Бір жолменен бір бағытқа жүргендігін.
Дос-дұспаны кім екенін білгендігін,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

Жалқаулықты, бос жүрісті тастағанын,
Орынсызға дәулет мүлкін шашпағанын.
Керек жерде бойды балап қашпағанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

Әулие деп көрінгенге бас ұрмауын,
Дін деп қорқып ақиқатты жасырмауын.
Ешнәрсені өлшеуіне асырмауын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айқұш-үйкұш жол салғанын.
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын.
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!

Ұжмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бір нәрсе де келмек емес.
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.

— — —

— — —

АЛАШҚА

Ау, Алаш, көзінді бүгін ашар күнің!
Қарманып ілгері аяқ басар күнің!
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Адымдап асқар белден асар күнің.

Теңізім, телегейім-қайран елім,
Кемерлеп толқын атып, тасар күнің!
Ақ күміс, қызыл алтын жиғаныңды,
Құрбан қып осы жолға шашар күнің!
Терезең теңгеріліп қатар тұрса,
Осы!-деп сонда жүрек басар күнің.

Уа, Алаш, заман жайын білеміз бе?
Кұлаққа айтқан сөзді ілеміз бе?
Заманның ыңғайынша амал етіп,
Зарлаған желмаяға мінеміз бе?
Өнерлі білімдінің қылған ісі,
Майданда мұны байқап көреміз бе?
Күш қосып, құралданып, бас қорғаудың,
Жолына белді буып кіреміз бе?
Болмаса күнде бір ел қырғын тауып,
Жылаулап бастан-аяқ жүреміз бе?



АЛАШТЫҢ АЗАМАТТАРЫНА

Ақ жүрек азаматтар асқар күнін,
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнін.
Дұрыстық ел қосында еткен істі,
Қол соғып, қошеметтеп қостар күнін.
Күш қосып, қол ұстасып сөз бекітіп,
Арадан алалықты тастар күнін.
Адасқан қойдай шулап ерген елді,
Бұлтармай оң бағытқа бастар күнін.
Аңқылдақ Алаш ұлы сеніп отыр,
Орнынан шығып, соны растар күнің!

Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құрастырған Қ.Сыдиықов. – Алматы: Ғылым, 1994. 121-128-беттер.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ (1885-1935)

Ақынның қозғалысының қайраткері. Ұлт руханиятындағы алып тұлға. Шаймерден Шаймерден Қосшығұлұлы ыждахатымен С.-Петербургта «Серке» газетінде (1907) ақынның «Жастарға» өлеңі басылды. «Қазақ» жинағы патша цензурасына ұшырап, ақын 1911 жылы түркістанға алынды. Семей түрмесінде бір жарым жыл қамауда отырды. Абақтыдан шыққан соң, ел шетінен жер аударылған Ахмет Байұлырұлы ізімен Орынборға барып, өзге де милләтшіл азаматтарымен Олихан Бөкейхан бастаған Алаш туының астына топтасады.

«Алыстан «Алаш» десе – аттанамын,

Қазақтың – «Қазақ» десе мақтанамын.

Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын!» – деп ұлттық рух жасам-

сының паш етті.

1917 жылдары Орынборда өткен бірінші және екінші Жалпықазақ съездеріне қатысады. 1917 жылы Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918-1920 жылдары «Ақ жол» газетінде қызмет атқарды. 1922 жылы Алаш қозғалысына қатысқаны үшін большевиктер тарапынан түркістанға тұлқындалды. Тұлқыннан босатылған соң, Семей қаласында бас қосқан ұлт зиялыларымен бірге қазақ елін жайлаған аштық жағдайымен күрес жұмысына араласады. Орынбордағы Қазақ халық орыны институтында оқытушы, Қызылжар, Семейдегі сот мекемелері, Семейдегі мерзімді баспасөз орындарында қызмет атқарады. Семейдегі желтоқсанында қамауға алынып, 1930 жылы ату жазасына кесіледі. Кейін ату жазасы он жыл абақтыға кесу үкімімен ауыстырылды.

Ақын арғысы 1935 жылы 5 қазанда Сосновец лагерінің лазаретінде ерлікпен қайтыс болды. Сүйегі 1992 жылы қыркүйек айында Семей облысындағы өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайтарылды.

Тағдыр «Бақытсыз Жамаат» атты казак прозасындағы тұңғыш романымен қатар «Есен құрап», «Қираған кітабы» оқулықтарына жазған

ЗАР ЗАМАН

Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асырып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.
Заман-ай!

Қайырмасы:
Азаматы Алаштын,
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды.

Ел бастайтын қайдасың, көсемдерім?
Сөз бастайтын қайдасың, шешендерім?
Тәуекелге бел байлап, бастап топты,
Тигізбесін жұртқа жау кеселдерін.
Заман-ай!

Қайырмасы:
Бай, қайдасың, ортаға малыңды сал,
Азды-көпті аямай барыңды сал.
Жаны тәтті жақсылар, қайдасыңдар?
Мұсылманның жолына жаныңды сал.
Заман-ай!

Қайырмасы:
Ел қорғайтын қайдасың, батырларым?
Өлең, күйдің шебері ақындарым?
Азаматтың міндеті елді қорғау,
Төнгелі тұр басына күшті толғау.
Заман-ай!

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ (1889-1931)

... қайраткері. Қазақтың классик жазушысы. Семейдегі оқыту-
... семинариясында оқыған. «Абай» журналын шығаруға атса-
... Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ
... газетінің редакторы, Қарқаралыда мектеп мұғалімі, «Ақ жол»
... бөлім меңгерушісі, Шымкент педагогикалық техникумының
... қызметтерін атқарған.

... Семейге келген Ә.Бөкейханды қарсы алушылар арасында болған.
... күндердегі ел қуанышын «Қараңғыдан қан жылап қаңғырған
... басынды Алаш жолында құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз!
... көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес.
... ренді жіберген жолың, біз, інілеріңе жағып қойған шам-шырақ.
... ың, сүйреген, Алашың! Жаса сабазым!» деген ұлтшылдық
... егі тебереніспен жеткізген.

... тұлғаны тұңғыш құрбаны Қазы Нұрмұхамедұлы жаназасы шы-
... қаралы жиында сөз сөйлеген. Семей губерниясынан ашық-
... рға көмек көрсету мақсатында жылу малын жинау ісіне қа-
... «Торғай ісі» бойынша тергеліп, қудаланған. 1929 жылы
... андалып, 1931 жылы атылған.

... өнеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таң-
... атты отандық ғылымдағы педагогика, психология және әдістеме
... бастауында тұрған іргелі еңбектерін жазды. Оларда Отаншыл
... қалыптастырудағы ұлттық дәстүрдегі тәлім-тәрбие, салт-сана
... на орынға қойылады.

... йымдас, ұрандас, жағалас, Сен де мін бабанның тағына» деп ата-
... өрлігін ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, «Арғы атам – ер түрік Біз қазақ
... Самал тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз. Сай сайлап, мал
... Сайрандап ен жайлап, Ерке өскен Арқаның Еркесі серіміз...
... түрік ежелден Оқ тескен етіміз Қаймығып еш жаудан Қайтпаған
...» деп рух асқақтығын жырлады.

... Аймауытұлы «Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті
... мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бас-
... рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек.
... тәрбиссің апаң бата ұтп қызметкері болма алмайды» деп ұрпақ
... рухын осы рухты өасты орынға қойды.

ҰРАН

Қазағым, қақтықпа. Қамалма!
Ел болар қамыңды амалда!
Кетті түн, атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едің,
Бейнетті көп тартқан ер едің.
Қаны жат, тілі жат, діні жат,
Жат елден таяқты жеп едің.

Жатқа жем бай едік, кен едің,
Бағың жоқ биліктен кем едің.
Партия сұрқия, қым-қиғаш,
«Басы аман» көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағыңа,
Тап болды бостандық бағыңа!
Ұйымдас, ұрандас, жағалас!
Сен де мін бабаңның тағына!

Құның жоқ, құлдықта өліп ең,
Терезең төремен болды тең.
Намыстан, қайраттан қатарға ен!
Басқадан кем болған сенің нең?!

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолыңа күрмалдық мал мен бас!
Опер тап, өрге шап, қару ап,
Аллаһтан алға бас, ал Алаш!!!

ӘСКЕР ӨЛЕҢІ

Арғы атам – ер түрік,
Біз – қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап, мал айдап,
Сайрандап, иен жайлап,
Ерке өскен Арқаның,
Еркесі, серіміз.
Біз жүрген Алаштың,
Шын кемеңгеріміз.
Егессек ел бермес,
Еңіреген еріміз.
Бұғаудан босаған,
Біз – долы арыстан.
Долданса, болмайтын,
Жаңа дәу – періміз!

Ат мінсек, жел болып,
Суылдап шабамыз.
Лап десек ерленіп,
Дуылдап жанамыз.
Алаштың ақ туын,
Қолға алып, ақырып,
«Алаштан» шапқанда,
Жауға ойран саламыз.

Ер түрік ежелден,
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып ең жаудан,
Қайнаған бетіміз.



Жаусын оқ, ақсын қан,
Шықсын жан, қорку жоқ,
Алаштың жолында,
Жан қимақ – ниетіміз.
Біздерге сөз бе екен,
Жауыңның көп-азы.
Өлсек, хақ шаһитбіз,

Өлтірсек, біз қазы.
Жол болып, жау шауып,
Сау қайтсақ боламыз,
Қазақтың шын ұлы,
Қаһарман сабазы.

Алаштың аруағы
Жебесін, қолдасын!
Ақсақал тілей көр,
Сапарды оңдасын!
Жасаған жар болып,
Қазақтың еліне,
Жасатсын, сақтасын
Алаштың ордасын!

*Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап,
ай. 264-265-бет.*

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРҰЛЫ (1893-1920)

Алашшыл ақын. Ауыл молдасынан сауатын ашып, кейіннен Баянауыл медресесінде оқыған. Троицк медресесінде білімін ұштап (1912-1913), «Айқап» журналында қызмет атқарған. Басылымда «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары», «Өлең және айтушылар» мақалалары, «Луырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ ішінде оқу-ағарту ісі қалай?» мақалалары «Алты аяқ», «Бұлар кім», «Бір балуанға қарап», «Қымыз», «Түсімде» өлеңдері жарияланды.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығуды» дйттеген ақын «Жүргенше өмірде надан болып, Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?!» өлеңі барша ғұмырын ұлтының рухани кемелденуіне арнады. Абай ақындығын «Пайғамбардың жүрегінен құйылып түскен құрандай» өлеңімен көркем-эстетикалық танымда бағалады.

Саяси-әлеуметтік лирикасында отаршылдық озбырлық зардаптарын суреттелді. Ұлттық ояну ұраны көтерілді.

*Бетіңді қайыстырып мұжық басқан,
Тітіреп ызғарынан жер мен аспан.
Ал енді бізге келген заман қандай,
Заманға қарсы тұрар шамаң қандай
Мұжықтың көк желек боп тепкісінде,
Талайсыз неден болдың, аһ, сормаңдай».*
*«Көрдің бе милләтіңді ұйқы басқан,
Тебіренбей жер қозғалып, жарылса аспан.
Ойлайық біріміз де милләт қамын,
Бірігіп, ынтымақтан еш қалмастан.*

«Қазақ» газетінің жарық көруіне байланысты «Міне, алақай!», Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағының тәркіленуіне «Тұтқиын тағы Байтұрсынның «Масасына» өлеңдерін арнады. 1917 жылы келген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға арнап «Әлиханның сөзімізге келуі» мақаласын жазды.

Алашорда үкіметі құрылған кезде «Алаш ұраны» өлеңін жазып, Алаш идеясын насихаттады. «Тапыстыру» поэмасында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт-азиялытарының қайраткерлік тұлғалары сомдалған.



АЛАШ ҰРАНЫ

Алаш туы астында,
Біз Алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Қолдайтын Алаш бабамыз.
«Туысқандық», «теңдік» деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер,
Жарылмай ма жүректер?!
Заң жасайтын орынга,
Жұртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күз болсын арымыз.
Көркейтуте Алашты,
Құрған ық біздің жанымыз!
Былай тұрсын маңымыз,



Алаш деген ел үшін
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Өлсек бірге өлдік біз.
Не жақсылық, не қайғы,

Көрсек бірге көрдік біз!
Ішкі жанжал таласты,
Күншілдікпен қарасты,
Мына жерге көмдік біз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің Алашты,
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды Алаш, өлмейміз!
Жасасын, Алаш, жасасын!



ТАНЫСТЫРУ

Қара қазақ:

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көшбасшы адамдарын айтшы маған.
Біз-дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Оқыған:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі.
Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.
Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Қара қазақ:

Басында от қараым тұр ғой дайын,
Бұл өмір өмір берген бір құдайым.



Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын.
Қазаққа кеше заман қандай еді,
Ашылмас сорға толған маңдай еді.
Керек күні сойып жеп, сату үшін,
Шөп беріп асыраған малдай еді.
Жастан да, кәріден де үміт сөніп,
Астында жұдырықтың жүрдік көніп.
Амалдап әркім жасап өз басы үшін,
Кімге-кім қарап еді көңіл бөліп.
«Күн не?» десе «пристав», «уезд» дедік,
«Жер не?» – десе «болыстық» демеп пе едік
«Саясат, ілім, өнер не?» дегенде,
«Соларға үйір бол» деп жауап бердік.
Кімде еді биік мақсұт мұнан басқа,
Жақсы осы дедік ішер аста?
Жұрты үшін көріне бұзған жан рахатын,
Кім еді, сол заманда кәрі, жаста?..
Алты миллион қазақта болып па еді,
Солардың түріне ерген әлеуметтен.
Қысқасы «ашаршылықта берген құйқа,
Көп артық» жайшылықтағы қымыз, еттен.

Оқыған:

Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен,
Келеді скінші боп бұл ретпен.
Қазақта мұндай жігіт көрмедім дегі,
Ардақты қарт Потапши денес еткен.



Ақ жүрек, алғыр ойлы, адал жан деп,
Тұмай жатып жастарға даңқы кеткен
Томдағы инженерлік сабағында,
Жетеді бір жылдан соң тамамына.
Жеткізейін қолымды ілім үстіне,
Бір түрлі биіктік бар талабында.
Қайдағы кем-кетікті нашармен дос,
Ұлық пен байларды қормейді қос.
Сорлымен соңғы панын бөліседі,
Білгенін үйретуге алды әм бос.
Бір міні тапымайды бай ыңғайын,
Бар ынтасы – жақсарту нашар жайын.
Сорлымен сөйлесуге арланғандар,
Көп емес не көрсетіп не қылайын.
Жеттім деп көкірек керіп әуресініп,
Байларменен шанаға бірге мініп.
Қарапайым халықтар сөзін айтса,
Уақытым жоқ деп қолдарын сермен жүрші.
Кететінін көрдік қой талайлардың,
Тиеді кімге қайыр ондай жаннап?!
Ермеков бұл мінезге дұшпан кісі,
Токтайын енді бармай онан арман.
Сөйлеп кетсе қозғалар бойда жаның,
Тас болса да ерітер жүрек қанын.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту осылай дегізер жанның бәрін.
Ақ жүрегі, ақтығы, адалдығы,
Бір ауыз қарсы айта алай құриды әлің.
Халел мен Әлімханның алда екені,
Биыл Семей сиезінде-ақ болды мәлім.

Қара қазақ:

Құп, балам, айтқанымның бәрі де рас,
Егері де мейліншегі сол екі жас.



Семейдің сиезінде байқадық қой,
Ол екеуі жарайды болуға бас.
Тұрғаны рас екеуінің сөзге де ағып,
Шын сөзіне босамас жүйке неғып.
Семейдің сиезінде екеуі ғой,
Кісі тындар сөз айтқан құлақ салып.
Меніңше, Ермеков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға,
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал ғой жеке-дара.

Ермеков адалдықтан сенгіш адам,
Жұртты да адал ғой деп ергіш адам.
Біле ме ер қадірін, ат жүйрігін,
Бездірер ме деп қорқам халық надан.
Өзі сеніп басқадан көп алданса,
Адам қаны бұзылар осы арадан.
Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтуда танбайтын еш пендеден.
Түбінде көңілім түзу әзірге деп,
Алдап, арбап жүретін түрге енбеген.

Оқыған:

Ғаббасұлы.

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.
Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп мына ұққан.



Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан.
Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш,
Бір іске тура план құруында
Деуге болар Семейде осы білгіш.
Соның ойы тереңге бойлайтұғын,
Түстемей үстеп қарап қоймайтұғын.
Көрінген минутінде шешіп салар,
Шертіктің тап жиырма күн ойлайтынын.
Ызаны ұмыта алмас өшін алмай,
Ондайға іші зәрлі, сырты балдай.
Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды,
Екенін жүректегі ойы қандай.
Шын деп ұққан максұтқа жету үшін,
Бір істі өз ісіндей ету үшін.
Сол жолда қабылдаудан бас тартпайды,
Болса да оған керек қандай пішін.
Сөзден де көбінесе іске құмар,
Тез болмайтын істерден тайқып шығар.
Мың сөзден құйқылжытқан оның көзіне,
Істеген бір азғантай ісің ұнар.
Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақыл салып.
Ығын-шығын қырғыннан өз уезін,
Қалды ғой ақылымен аман алып.

Қара қазақ:

Шырағым, әрине, рас мұнындағы

Қара қазақпен қол табығаны.



Сиезде жер жайынан сөйлегенде,
Көрінді терендігі бізге-дағы.
Секцияға бөлінген өр түрлі іс,
Халелсіз байланды ма, бірі тыныш.
Халел мен Әлімханның көзінен өтпей,
Сықылды орнықпайтын ешбір жұмыс.
Отыз-қырық секцияға кірген кісі,
Екі-үш күн ақылдасып үлкен-кіші.
Түзу деп жасап шыққан жобалардың,
Қалды ғой іске аса алмай ешбірісі.
Бірінен соң біреуі тауып мінін,
Жобаны жасаушының бұзар түрін.
Дәлелі сондай күшті, әм орынды,
Қозғалтуға болмайды ешкім тілін.
Ол екеуі мінбеге шыққан кезде,
Халықтың жұмысы болмас басқа сөзде.
Құлақ қоймай бетімен дуылдасар,
Егерде мінбе үстіне шықса өзге.
Меніңше, Халел деген сынсыз жүйрік,
Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп.
Арбайып қол-аяғы алдан келер,
Алашты қақпайсың ба, сонда сүйсініп.

Оқыған:

Сәрсенов Биәхмет.

Біреуі Биәхмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғиға ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екени өйсе алмайтын қандай қыры.



Ақылы да оның көп, айласы да,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт ететін таймасы да.
Ісі де, таланты да қалыспайды,
Жұмсаса тегіс халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
Қазақ деп жүрегінің қайнасы да.
Подлотке – подлог ұғымында.
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,
Шолпандыққа жарайды ай қасында.
Әуелден қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн-күн сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жоқты дағы,
Еріксіз туысымен алар тартып.

Қара қазақ:

Болса да сыр, сыйпаты білінбеген,
Ойлап ек жігіт-ау деп епті келген.
Еті тірі, қагілез, өткір, пысық,
Және де талабы бар әр немеден.
Ойлаймыз естуменен бұрын бірақ,
Болыс боп, түсті екен әлде неден?

Оқыған:

Нәзипа ханым мен Нұрғали Құлжанұлы.
Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.



Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.
Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,
«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын.
Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта,
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.
Оқып жүрген жастардың анасындай,
Көрер бәрін не бауыр, баласындай.
Тарыққан сорлыларды өзі шақырып,
Күтеді не әкесі, ағасындай.
Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,
Білмейді аса сөйлеп адасуды.
Оқыған еркектердің көбінен де,
Әр іске ыңғайы бар жанасымды...
...Бірге айтатын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.
Турашыл жан бетіне қарамайтын,
Онан келер зиянды санамайтын.
Қазақтың ескі, жуан тұқымынан,
Жөпшендіні еске алып баламайтын.
Бір айға, сол сөзінде тұрты деп біл,
Ботман ты қате екен деп қайта қайттым.



Бір ұстаған жерінде қалар қатып,
Кім болса да сөйлейді сөзін батып.
Өз көңілінде түзу деп ұққан ойын,
Істейді жіберсең де қазір атып.
Дүниеге қызықпайтын таза кісі,
Ондай кірлі нәрсемен жоқ жұмысы.
Салақтық не болмаса аңқаулық жоқ,
Тағы да, әм ретті қылған ісі.

Шәкәрім.

Құдайберді баласы Шәкәрім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында,
Ертеден бұл алашқа аты мәлім.
Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бала алғандай осы көрін.
Байыпты, философтың табиғаты бар,
Көрсең де ол тұқымның ең жаманын.
Бұл қазақтан мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.
Тағы жүрген көшпелі ел ішінде,
Тәрбиесіз, үлгісіз жер ішінде.
Бөкейханов айтқандай қиын жұмыс,
Адамның шыға қоюы сол пішінде.
Демеңгіз тымақ киген жәй бір қазақ,
Киген киім, жүрісі, түріне қарап,
Надандар оны өншейтін өншеуін жоқ,



Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап!
Жастардың үміті көп әлі де болса,
Тым қартайып тұрған жоқ әлі де онша.
Теңдік күні туды ғой, бөгет кетіп,
Дегендерге жүреді заман оңса.
Құр батаншы бас жейтін кәрің емес,
Әлі де одан табылады талай кеңес.
Адамның, адамдықтың берген жемісін,
Жейтін адам бар басқа, иттер жемес.

Қара қазақ:

Семейдің сиезінде байқадық қой,
Екенін қарт кемеңгер әм терең ой.
Оқығандар болмаса жай қазақтан,
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой.

1918 жыл.

*Дәуір ақыны: ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арна-
нды / Құраст. Ф.Қ.Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми
кешені, 2002. 33-46-бет.*

— ❁ —

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН (1894-1938)

Көрнекті қаламгер. Алаш қозғалысын қолдап, Алаш атты әскерінің қатардағы жауынгері болған. Ахмет Байтұрсынұлын рухани ұстазы санап, ұлт қайраткерлерінің тарихи қызметін ерекше бағалаған. «Айқап», «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат» басылымдарында жарық көрген шығармалары ұлтшылдық сипатта жазылған.

«Жастарға», «Еліме» өлеңдерінде жастарды Алаш идеясына үштен-береке-бірлік ұйытқысы болуға шақырды.

Қазан төңкерісінен кейін туындаған әлеуметтік қайшылық, күшпен ұжымдастыру зардаптары «Күлпаш», «Айт күндері», «Естай ауылы», «Иелі ауру», «Аштық құрбаны», «Әже» әңгімелері, «Қара күн», «Не жаздым құдай?», «Нан», «Қысқы түнде» өлеңдерінің басты өзегін құрады.

*Осы күнде кеудеде,
Шықпаған жүр жан.
Не бар тілек пендеде,
Нан-нан-нан. Құдай-ау, ә, құдай,
Қырасың ба пендеңді,
Қоясың ба өңгеңді?!
Аштық деген пір пәлең
Салды елге шеңгелді...» («Нан»).*
*«Жел үреді, қар сырғанай,
Дала тастай қараңғы, ауыл өлік
Көрмейсің жан адамды...» («Қысқы түнде»).*

Большевиктік эпэрбақандық «Жандыбай Жындыбаев», «Сот алдында», «Әміржанның әңгімесі», «Талтаңбайдың тәртібі», «Көзілдірік» т.б. пьессаларында суреттелген.

«Бүгүрткі күн бар екен көретін» өлеңінде Алаш Орданың өмірге келуі жырланады.



БҰЛ ТҮРДІ КҮН БАР ЕКЕН КӨРЕТІН

Бұл түрді күн бар екен көретін,
Жасты иіп тілекті Алла беретін.
Жаны ашып жол бастаған жастарға,
Ел билеген азаматтар еретін.
О баста, зоры осы екен ғой тілектің,
Зарлайтыны қайғы басып жүректің.
Әруақ жар боп атқа мініп қамданды,
Демей Алаш әлім бітіп жүдейін.
Құтты болсын, Алаш, ұлы тілегің!
Көп жыл жүріп қолға түскен кеңдігің.
Атқа мініп, ұраныңды шақырып,
Бірлік үшін басты қосқан елдігің.
Зор қуаныш төгілді алтын Орданда,
Саф азамат бағылан керек қорғауға.
Елдің жайын ойлағандар қамданар,
Болмайды ғой қамсыздарды зорлауға.
Жұрттың іші жұрт қозғалса гүлденер,
Қызыл-жасыл гүл бақшадай түр кірер.
Алалықты арадағы жойдырып,
Заман келді бірге тұрып, бір жүрер.
Алаш туын желпілдетіп қолға алып,
Мынау жау деп қаймықпай еш қорғанып.
Үрім-бұтақ, нәсіл-нәсіл бәріне,
Кетіндерші бітпейтін бір жол салып.
Жұртты сүйер ерлер шығып қол басы,
Саф азамат бағылан болып жолдасы.
Жарық сәуле ендіретін қазаққа,
Мәңгі жылдар жасасын Алаш ордасы!

— * * * —

СӘБИТ ДӨНЕНТАЙҰЛЫ (1894-1933)

XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің айтулы өкілі. «Айқап» журналында «Қиялым», «Биік тау», «Заман кімдікі», «Қазақтарға қарап», «Балалықты сағыну» өлеңдері, «Жөнімен өкпелеу керек» мақаласы. «Қазақ» газетінде «Әр жан әр түрде», «Ұлтшылға», «Жанға», «Жаз». «Жаңа жыл құтты болсын», «Тотыға», «Азаттық күні» өлеңдері. «Керекті өтініш» мақаласы жарияланды.

Алаш үні болған «Сарыарқа» газетінде экспедитор қызметін атқарды. «Абай» журналында «Бозторғай», «Абайға» өлеңдері. «Қазақ әйелдері туралы» мақаласы, «Сарыарқа» газетінде «Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Той», «Алаш» газетінде «Азаттық күні» («Бостандық»), «Жас азамат» газетінде «Кәрі батырға» өлеңдері басылды.

«Уақ-түйек» жинағындағы саяси-әлеуметтік лирикасында ел өмірінің маңызды мәселелері қамтылды. «Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ?» («Талап») сипатындағы намыс толғауымен отаршылдық езгідегі ұлт жігерін жаныды. Ұлтқа қызмет етуге шақырды.

«Болатын күн туар ма, Не қылсақ та ырқымыз» («Сыр») деп ұлт тәуелсіздігін арман етті.

1917 жылғы Ақпан төңкерісімен сабақтас тарихи оқиға «Азаттық күні» («Бостандық») өлеңінде бейнеленді. Екінші жалпықазақ съезі күндерінің ізін баса туған «Қаулы» өлеңінде құрылтайдың өрелі мақсатын әлеуметке жеткізді. Алаштың азаттық туы асқақтаған тарихи күндері «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Алаштың алғашқы құрбанына» атты өршіл рухтағы ұлттық сезімге толы өлеңдерін жазды.

Азаттықтың ақ жолын ұстанған өр халқын елдік қайраткерлерінің мақсат-мұратына еш адастырмай жеткізетін Алаш қайраткерлерінің қажыр-қайратқа толы кемел істеріне кәміл сеніммен қарап, «Адаспаспыз» өлеңімен қуаттады.

Қазақтың азаттығы үшін жанын қиған Алаштың арда азаматы Қазы Нұрмұхамедұлының мақаласына «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңін арнады.



ҚАУЛЫ

Жұрт тығыз, терлеп отыр ыстық үйде,
Желпініскен ағытып тана-түйме.
Бай да бар, шешен де бар, көсем де бар,
Мес кеуде, толып отыр тоқпақ шүйде.

Біреу сөз инабатты бастап отыр,
(Сірә бір игілікті қостап отыр).
Халық үшін қарайғанын құрбан қылып,
«Кел, ер» деп дос-жаранға қақсап отыр.

Бұрыннан әңгіме еді ойда жүрген
Айтылып талай жыйын тойда жүрген.
Жарайды әлде болса кештік қылмас,
Қайратын жұрт жұмсасын бойда жүрген.

Ұят та басқалардан қалғанымыз,
Далаға кетпес бұған салғанымыз.
Бай малын, батыр күшін аямасын,
Ендігі осы болсын арманымыз».

«Пәле-ай!» деп, шұлғып отыр оған жұрты,
Бәрінің ауған білем солай мұрты.
Басшының айтқанынан шықпайтұғын
Бұл елдің болса керек сондай ғұрпы.

Мынау бай, айыру жоқ, анау кедей,
Бұл найман алалық жоқ анау керей.
Бәрі де шамасынша салмақ болды,
Ат демей, атан демей, ақша демей.

Қаулыдан көрінесің ең қаттығын бар,
Бәрі де өлімге аңтад, оларатын бар.

- * * -

Қалса да жалғыз өзі қайтар емес,
Жоқ болса көк шолағын салатындар.
Сонымен жұрт тарайды асын ішіп,
Таң атса таз қалыпқа қалған түсіп.

Қаулыны күнде-күнде жасайтұғын,
Ет бар ма қазан-қазан тұрған пісіп.
Сөз бітті, ет желінді, қаулы қалды,
Халықта өкпе бар ма аузын алды.
Еттің де, халықтың да өркені өссін,
Ермектік бір әңгіме болды, қалды.

Шығармалар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әбиет баспасы, 1957. 85-бет.

САРЫАРҚА АНАМЫЗҒА

Жүрмісің сау-саламат, қайран анам!
Көрсетті құдай көзге қайдан анам!
Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді,
Жасаған жылдан есен, айдан аман!

Жүз құлдық, мың шүкірлік жеткізді Алла,
Болам деп мұндай, сірә, ойда бар ма?
Аймалат көкірегіңді, қыс мойнымнан,
Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда.

Кезінде бойың сыйлы, басың құтты,
Оспрдің тәрбиелен талай ұлды.
Бақытсыз балаларың туғаннан соң,
Дүниенің бір қастық қылды, ұзді, жұлды...



Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың,
Ер болған Кенесары, Наурызбайың.

Сықылды Төле, Едіге биің өтті,
Көп қозғап ескі дертті не қылайын.

Туғыздың нелер сұлтан, арыстанды,
Өткіздің талай бағылан, серке санды.
Басында сол бір дәурен тұрған шақта,
Кім саған көз алартты, беттей алды.


Таусылып о күндегі оңды балаң,
Арами, азғын туды соңғы балаң.
Өз-өзін мас батырдай байлап беріп,
Жат елге қонсы болып қонды балаң.

Кез келдің мына күнге ашамыз-қарт,
Басалқы айт, түзу жөнге балаңды тарт!
Шағыңда жасың жеткен күте алмаса,
Кінәң жоқ, обалыңды Алашқа арт!

*Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: Онер, 2011. 9
Сарыарқа. 84-85-бет.*

АДАСПАСПЫЗ

Біз бәйгеге ат қосамыз «Алаш» деп,
Аянбай шап, «егей түс» пен «талас» деп.
Барды аштан, тілеп тұрмыс құдайдан,
Ня, жасаған, аруак көтер, бақаш ден!
Кежімдедік талай тартан шұбар ны,
Сүйін күйрык, тағып үкіт тымарын!



Әулекі жоқ қосып күлкі боларлық,
Ақыншылды «айт» дегенге құмарды.
Бар шолпаның «Алаш» қазақ ортаңда!
Бар шығарың қайнатқанда сорпаға.
Махамбет те кісі боп па дегендей,
Түк көрмейтін соқыр ма едің соншама...

*10в С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра,
5-бет.*

— * * * —

АХМЕТ МӘМЕТҰЛЫ (АХМЕДҒАЛИ МАМЫТҰЛЫ) (1895-1938)

Алаш қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі. Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хұсайыния» медреселерінде білім алған. «Айқап» журналында «Ғалия», «Бір қазақ қызының әкесіне зары», «Тарих исламнан» өлеңдері, «Қазақстан» газетінде «Ұмтыл», «Жаз» өлеңдері, «Қазақ» газетінде «Тілегім», «Көңіліме», «Су жағасында», «Г...ды жұбату» өлеңдері, «Тәңірі жарылқасын» мақаласы жарияланған.

«Ұмтыл» өлеңінде «Қазағым, жаһад етіб ұмтыл алға, Бұрынғы күн екен деб жатып қалма. Басқа ел өнер-ғылым білген шақда Қалыб тұр біздің қазақ жүріб халға. Бұл заман – өнер-ғылым заманасы, Жалқаулық, надандықты ойына алма» деп өнер-ғылым жолымен оркендеуге, надандықтан арылуға үндеді.

Ақынның Қазан қаласында «Кеңес» (1912), «Гибрат» (1914) өлеңдер жинағы шыққан.

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Жәнібековтер қатарында 1916 жылы босқыға ұшыраған қаңдастарына көмек көрсету ісіне барша әлеуметті жұмылдыру мақсатында «Қазақ» газетінде үндеу тастады. Ахмет Мәметұлы Т.Бүкірессей Мұсылмандар сиезіне қатысқан бір топ ұлт зиялыларының Жалпықазақ сиезін Ташкент қаласында өткізу, Алаш автономиясына Түркістан өңірін қосу туралы ойларын қостады.

1918 жылдары «Бірлік туы», «Ойыл уезаяты» газеттерінде қызмет атқарды. Ойыл уездік «Еркін Қазақ» газетін шығарушы. Орал қанасында жарық көрген «Қызыл ту» газетінің редакторы болды.

Саратов университетінің медицина факультетінде білім алған (1923-1927) қайраткер Маңғыстау, Семей өңірлерінде, Орал, Алматы қалаларында дәрігерлік қызметтер атқарды. Қазақ тері және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының алғашқы директоры.

Алаш қайраткері қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруде тарихи қызмет атқарған ұлт зиялыларының ерен ісін қолдау барша санаға талмағанын міндет екенін «Алашқа сәлем» өлеңінде жырғаны.

—  —

АЛАШҚА СӘЛЕМ

Иіліп сәлем бердім бүгін, Алаш,
Алдағы өзгеріске күтін, Алаш.
Бәйгеге осы қазір қосып тұрмыз,
Жүйріктей жаратулы жұтын, Алаш!
Жасқаншақ, жамандарша саспа, Алаш,
Бұрынғы қорқақтықты таста, Алаш.
Мінеки бүгін елге ерік болды,
Сұрай бер керегінді бастап, Алаш,
Жасқанып болмағайсың алаң, Алаш,
Келгенше ұмтыла бер шамаң, Алаш.
Осы кез біле-білсең өзінде ерік,
Кеудеде болса азырақ санаң, Алаш.
Тайсалма анау патша, мынау төре,
Жүре бер жолбарысша артынан ере.
Отанның бір баласы «менмін» десен,
Далада тастай алмас көзі көре.
Ал қазір халық күшті алды, Алаш,
Бұрынғы қыспа таяқ қалды, Алаш.
Құттықтап осы сәлем жаздым сізге,
Ақ Алаш, азат Алаш, даңқты Алаш!

*«Ақ» газеті. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов,
өв. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы,
168-бет.*

«М.Н.» – бүркеншік есім. Ұлт қайраткері Қошмұхамед Кемеңгерұлы редакторлығымен Қызылжар қаласында шыққан «Жас Азамат» газетінің 1918 жылғы 26 желтоқсанындағы санында жарияланған «Он үшінші декабрь күніне арнаймын» өлеңінің авторы.

«Жас азамат» (1918-1919) – Алаш рухты жастардың тұңғыш басылымы. Зерттеуші Д.Қамзабекұлы «№1 – №11 сандарының редакторы Қошмұхамед Кемеңгерұлы, №12 – №16 сандарына қол қойған Біләл Малдыбайұлы, №17 – №22 сандарында қайтадан Қошмұхамед Кемеңгерұлы болған» деп жазады.

«Жас азаматтың» 1918 жылғы 16 желтоқсандағы саны редакция атынан «Екінші Жалпы қазақ сиезінде алты Алаштың баласы түгел бас қосып, қазақ ұлтының келешектегі елдігіне негіз құрған тарихи 13-інші декабрь күні бүтін Алаш ұранды Қазақ өлкесіне құтты болсын!» деген құттықтаумен ашылып, тұтастай Алаш автономиясының бір жылдығына арналды. «[1917 жылғы] 13-інші декабрь – Екінші Жалпы қазақ сиезінің Ақ орда тігіп, Алтын ту көтеріп, автономиялы жұрт боламыз деген күні. «Автономияға мал-жанды құрбан қыламыз!» деп қойған соң, күңіреніп құран оқығанда, ақжүрек адал ниетпен ақсақалдар, жастар тілек қылғанда, қуанғаннан молдалардың көңілі босап, еңіреген күні. Мінеки, сол ұлт қанын тасытқан, үміт құрағына ат шаптыртқан тарихи 13 декабрьге – тап бір жыл. Осы бір жылдың ішінде Алаш тізгінін қолына алған «Алашорданың» басынан кешкен ауырлықтары көп болды. Әлі де тар кешу, тайғақ жолдар болуы мүмкін. Ұлт тілегі бір күнде тездікпен һәм жеңілдікпен орындалмайды, от алып, [қамысқа түсуді] көтермейді. 13 декабрьдің қазіргі алдымызға тартқан жемістері Алаш автономиясына іргетас салды. Бұл – бір. Шашыраған ұлтшылдықты бір ізге салып, бір жерге жинап, ұлт күресіне үлгі берді. Бұл – екі. Жалған ұлтшылдардың орісін тарылтты. Бұл – үш. Осындай, өлгенді тірілткен, өшкенді жандырған, өткен дәуренді, ұшқан бақты еске түсірген 13 декабрьді өте құрметтеп өткізуге, саясат дүниесі сау қалпында емес. Бірақ қоюланған түн тараңқырап, кейін бұлт ажырап, нұрын төгіп, таң атағын. Ерте ме, кеш пе, 13 декабрь Алаш елінің ардақты күндерінің бірі саналар. Алаш тарихына алтын сиямен жазылар!» деген тебіреніспен жеткізді.

«Алда жүрген Алаш жолында аялбай қызмет қылған адал жүрек қатардан үлгі еңсете алыптар!» деп Ә.Бөкейхан бастанан үлгі қауіркертерін үлгі еңсете етті.



ОН ҮШІНШІ ДЕКАБРЬ КҮНІНЕ АРНАЙМЫН

Езілген Алаш еліне,
Сарыарқа, сайран жеріне,
Сары дала, асқар беліне,
Өздері ие болуға,
Еркімен көшіп-қонуға,
Қазақ-қырғыз баласы,
Жиылып бірге, бас қосып,
Ерік теңдік алуға,
Негіз салған күн бүгін.
Қазақ-қырғыз айбынын,
Барлығы мен байлығын,
Дос-дұшпанға көрсетіп,
Белгіліп елдің жер шетін,
Қолына жасыл ту алып,
Ақорда құрған күн бүгін.

Тілеген көптен тілегің,
Сезінген көптен жүрегің,
Алтын туы қолында,
Тұрмыстың айқын жолында,
Іске асыру қамында,
Жарыққа салған күн бүгін.

Қазақ-қырғыз елінің,
Қазақ-қырғыз елінің,
Еңіреген ұлтшыл ерінің,
Есінде дәйім болатын,
«Ұлт тойынан» саналатын,
Он үшінші декабрь –
Тарихи күнсің, сен бүгін!

«Атамат» газеті. 1918 жыл 26 декабрь. // «Есіл дала-1913 ж.», «Жас атамат» (1918-1919 ж.): ғылыми басылым. т.: С.Мәжікова, т.ғ.к.; З.Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор. – Пе

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР, ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Аймауытұлы Ж. // Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. 9-кітап: Сарыарқа.

Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі. Әдеби шығармалар. 1-кітап. Құрастырған, алғысөзін және түсініктерін жазған С.Б.Жұмағұл. – Қарағанды: Тенгри баспасы, 2017.

adebiportal.kz/alash-a.page/

Алаш. Алашорда. Энциклопедия. Құрастырған Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс, 2009.

Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. gumar.kz/shy-armalary.html

Дәуір ақыны: ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады / Құраст. Ф.Қ.Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

Дияқажы. Дияқажы шығармалары. Ақын шығармаларын ел аузынан жинастырған, құрастырған және түсініктерін жазған Төрехан Майбас. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009.

Дөнентайұлы С. Сарыарқа анамызға // Кітапта: Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 9-кітап: «Сарыарқа».

Дөнентаев С. Шығармалары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957.

Дулатов М. Оян, казак! Роман, өлең-әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003.

«Есіл даласы» (1913 ж.), «Жас азамат» (1918-1919 жж.): ғылыми басылым. Құраст.: С.Мәлікова, т.ғ.к.; З.Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор. Петропавл, 2013.

Кәпұлы Д. Ақыт – Алашшыл идея жаршысы // jezbuyda.kz/625

Көпсев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1990.

Қамазабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008.

«Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Е.Сақов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Қазақстан. Құраст. Орталық, 2012.

Қарашев І. Замана. Құраст. К.Сыңқов. – Алматы: Елбасы, 1991.



Құдайбердиев Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев). – Алматы: Жазушы, 1988.

Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008.

Орманбетұлы Н. Шығармалары. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2013.

Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1993.

Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1993.

Тілешов Е. «Алаш туы астында...» Алаш қозғалысының қайраткерлері, қатысушылары және оқиғалары. – Астана: «Арман медиа», 2013.

Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014.

Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы: Екі томдық. – Копия, 2011. Т. 2.

Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000.

МАЗМҰНЫ

Азаттық рухтың алдаспаны	
Нұржан Наушабайұлы	
<i>Алашордаға</i>	
Нарманбет Орманбетұлы	
<i>Құрылтайға барғанда</i>	
Ақыт қажы Үлімжіұлы	
<i>Жығыла ма осымен Алаштың тіккен ордасы?</i>	
Әсет Пайманбайұлы	
<i>Алашқа</i>	
Дия қажы Ахметұлы	
<i>Қайран, Алаш</i>	
Ахмет Байтұрсынұлы	
<i>Достыма хат</i>	
Ғұмар Қараш	
<i>Ғ.....ға</i>	
<i>Түс</i>	
<i>Күн туды</i>	
<i>Неден қорқам?</i>	
<i>Саған не болды?</i>	
<i>Кореміз бе?</i>	
<i>Алашқа</i>	
<i>Алаштың азаматтарына</i>	
Міржақып Дулатұлы	
<i>Зар заман</i>	
Жүсіпбек Аймауытұлы	
<i>Ұран</i>	
<i>Әскер өлеңі</i>	
Сұлтанмахмұт Торайғырұлы	
<i>Алаш ұраны</i>	
<i>Таныстыру</i>	
Бейімбет Майлин	
<i>Бұл түрді күн бар екен көретін</i>	
Сәбит Дөнентайұлы	
<i>Қаулы</i>	
<i>Сарыарқа анамызға</i>	
<i>Алдаспасыз</i>	
Ахмет Мәметұлы (Ахмедәлі Мамытұлы)	
<i>Ғанақа сәлем</i>	
М.П.	
<i>Он үшінші Әскерлік күннің артынан</i>	
Пайдаланылған әдебиеттер, дереккөздері	

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

*Алаш қозғалысына, партиясына,
Алашорда үкіметіне арналған өлеңдер*

Редакторы **Қ.Кемеңгер**
Техникалық редакторы **С.Баубекова**
Корректоры **М.Шіменбаева**

ISBN 978-601-80579-3-9



ЖК «InterBesCompany»

Басуға қол қойылған күні 27.11.2017.
Пішімі 70x100 ¼. Шартты баспа табағы 7,15.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 98.